

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**«Жалпы білім беру мектептерінде балалардың сабақтан
тыс уақытын ұйымдастыру»**

Әдістемелік ұсынымдар

**«Организация занятости детей во внеурочное время в
общеобразовательных школах»**

Методические рекомендации

Астана, 2015

«Жалпы білім беру мектептерінде балалардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру» (Әдістемелік ұсынымдар) – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2015 ж., 143 б.

«Организация занятости детей во внеурочное время в общеобразовательных школах» (Методические рекомендации) - Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, Астана, 2015 г., 143 с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім беру ұйымдары қызметіндегі сабақтан тыс уақыттарын жетілдірудің заманауи бағыттары ұсынылады. Оқушылардың бәсекелестігіне әсер ететін сабақтан тыс қызметіндегі тәрбиесін дамытудың объективті және субъективті негіздері, сабақтан тыс қызметінің әлеуметтік-педагогикалық және тәрбиелік мүмкіндіктері белгіленген.

Республикадағы жалпы білім беру мектептеріндегі сабақтан тыс қызметтің қалыптасуындағы педагогикалық тәжірибесі көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдар сабақтан тыс уақытындағы балаларға қосымша білім берудің білімдік үдерісін іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің қалың көпшілігіне ұсынылады.

Методических рекомендациях представлена современная тенденция в деятельности организаций образования - совершенствование внеурочной деятельности. Определены объективные и субъективные основания на развитие воспитания во внеурочной деятельности, социально-педагогические и воспитательные возможности внеурочной деятельности, которые скажутся на конкурентоспособности учащегося.

Представлен педагогический опыт становления внеурочной деятельности общеобразовательных школ республики.

Методические рекомендации предназначены широкому кругу педагогических работников организаций образования, осуществляющих образовательный процесс дополнительного образования детей во внеурочное время.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік кеңесі баспаға ұсынған
(Хаттама № 2, 2015 жылғы 21 мамыр)
Рекомендовано к печати методическим советом
Республиканского учебно-методического центра
дополнительного образования
(Протокол № 2 от 21 мая 2015 г.)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2015

Мазмұны

Кіріспе	5
Сабақтан тыс қызмет мектептегі заманауи білім беру үдерісіндегі маңызды компонент	9
Сабақтан тыс уақытта оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша «Сабақтан кейінгі мектеп» Республикалық жобасы	37
Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру тәжірибесі білім беру ұйымындағы тәрбие жүйесінің компоненті	40
Алматы қ. № 83 көп салалы мектеп-гимназияның сабақтан тыс жұмысын ұйымдастыру	40
Астана қаласы Сырбай Мәуленов атындағы № 37 орта мектебінің тәрбие жүйесіндегі сабақтан тыс қызмет моделі	44
Рудный қаласы әкімдігінің № 10 мектеп-гимназиясының сабақтан тыс қызметі тәрбие жұмысын дамытудың факторы	47
Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Ключевой орта мектебінің сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру тәжірибесі	51
Қорытынды	58
Әдебиеттер тізімі	60
1 қосымша. Мектептегі оқу-тәрбие қызметі жүйесіндегі қосымша білім берудің моделі	61
2 қосымша. Сабақтан тыс қызметтегі білім бағдарламаларының түрлері	66

Содержание

Введение	74
Внеурочная деятельность как важнейший компонент современного образовательного процесса в школе	78
Республиканский проект по организации занятости школьников во внеурочное время «Школа после уроков»	108
Опыт организации внеурочной деятельности как компонента воспитательной системы организации образования	112
Организация внеурочной деятельности в многопрофильной школе-гимназии искусств №83 г. Алматы	112
Модель внеурочной деятельности в воспитательной системе средней школы №37 имени Сырбая Мауленова г. Астана	116
Внеурочная деятельность как фактор развития воспитательной системы Школы-гимназии №10 акимата г. Рудного»	120
Опыт организации внеурочной деятельности Ключевой средней школы Карасуского района Костанайской области	125
Заключение	132
Литература	134
Приложение 1. Модель дополнительного образования в системе учебно-воспитательной деятельности школы	135
Приложение 2. Типы образовательных программ внеурочной деятельности	140

Кіріспе

Қазіргі кезде мектеп білімі әр адамның формалды оқытудың ең ұзақ кезеңін көрсетеді, сондай-ақ жеке жетістік және бүкіл елдің ұзақ мерзімді дамуының маңызды факторы болып табылады. Миллиондаған оқушылардың мақсатты бағыттарының дайындығынан біз еліміздің инновациялық даму жолын қаншалықты таңдай және қамтамасыз ете алатынымыз байланысты.

Дәл қазір, жалпы білімді қаншалықты заманауи және интеллектуалды ету болашақ ұрпақтың ауқаттылығына байланысты.

Мектеп білімінің негізгі нәтижесі озық даму мақсатына сәйкес болуы қажет. Бұл мектептерде оқыту өткен жетістіктің қажеттігі ғана емес, сондай-ақ болашақта қажет болатын әдістер мен технологияларды да білдіреді. Білім алушылар зерттеушілік жобаларға, шығармашылық сабақтарға, спорттық іс-шараларға қызығулары қажет, осылардың барысында олар жаңа затты ойлап табуға, түсінуге және меңгеруге, ашық болуға және жеке ойларын білдіруге қабілетті болуға, шешімдер қабылдай алу және бір-біріне көмектесу, қызығушылықтарын қалыптастыру және мүмкіндіктерін түсінуге үйренеді.

Оқушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендірудің мақсаттарын шешу, олардың жан-жақты дамуы сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру аясында өте тиімді. Сабақтан тыс қызметтің өзектілігі қазіргі кезде елімізде оқушы тұлғасы қалыптасу жағдайларында айтарлықтай өзгерістер болып жатқандығында анықталады. Заманауи бала айқын сыртқы және ішкі шекарасы жоқ шексіз ақпараттық және зор әлеуметтік кеңістіктікте орналасқан. Оған интернет, телевизия, компьютерлік ойындар, кино арқасында алынған ақпараттық ағындары әсер етеді. Осы және басқа ақпарат көздерінің тәрбиелік және әлеуметтендіретін әсері тәрбие және әлеуметтену үдерісінде жиі басым болып келеді.

Бүгін баланың мектепте және мектеп сыртында меңгерген білімі мен құндылықтары иемденген мінез-құлықтарының арасында шиеленіс бар:

мектепте (жүйелілік, бірізділік, дәстүрлілік, мәдени сәйкестілік және т.б.);

мектеп сыртында (еліктеушілік, бейберекеттілік, жоғары мәдениет пен тұрмыстың араласуы, мәдениет пен антимәдениет шекараларының арасындағы бұзылыс және т.б.).

Бұл шиеленіс бала ойлауы құрылымын, олардың сана сезімі мен дүниетанымын өзгертеді, дүниеге эклектикалық көзқарасын қалыптастыруға, өмірге тұтынушылық қатынасты бағыттайды.

Әлеуметтену – бұл толыққанды адам тұлғасын тәрбиелеу, азаматтық сана-сезімі мен жас азаматтың жүріс-тұрысын

калыптастыру. Әлеуметтену кезіндегі негізгі ықпал нысаны - азаматтық сана-сезім, тұрақты оң бағдарланған, дамыған, тиісті деңгей.

Әлеуметтенудің құрылымы оқу сабақтарының элементтері, білім алушылардың сабақтан тыс қызметі, жеке тұлға аралық байланыс, қоршаған социуммен ынтымақтастық болып табылады.

Оқушылардың әлеуметтік потенциалын аталған жас кезеңінде тұлға әлеуметтенуі үдерісін оңтайландыруға қажетті әлеуметтік сапа мен қабілеттілік жиынтығынан анықтауға болады. Мектеп білім алушыларының әлеуметтік потенциалын қалыптастыру және негізгі әлеуметтік сапа мен қабілеттіліктерін дамыту үшін мектепте анықталған педагогикалық жағдайларды құру қажет.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметі азаматтық ұстаным мен әлеуметтік белсенділікті қалыптастырудың негізі болып табылады. Ол сабақтың уақытша кеңістігіне қарағанда, көп нәрсеге ие, осы және басқа да қызмет түрлерінің субъект – қатысушылар санының көбі, осы және басқа да біліктілік, дағдылар, жеке тұлға қасиетін тәрбиелеудің басымдылығын өзіне атқарылады.

Сабақтан тыс қызмет азаматтық, рухани-адамгершілік тәрбиелеу, тұлғаның әлеуметтенуі көзқарасынан зор әлеуетке ие, себебі балаға табысты бола алатын қызмет саласын таңдауға мүмкіндік беріледі.

Сабақтан тыс қызмет – сабақтан тыс уақытта білім алушылардың дамуы мен оқушылар ұжымын қалыптастыруда маңызды рөлді атқаратын таным мен өзін өзгерту және қоршаған орта болмысына бағытталған балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктері шартталған белсенділігін көрсетеді. Сабақтан тыс қызмет ерекшелігін бастауыш жалпы білімнің білім беру бағдарламаларының жеке және пән үстілік нәтижелеріне бағытталған жетістіктер анықтайды.

Сабақтан тыс қызмет – сабақтан тыс уақытта тұлғаның өзін-өзі іске асыру мақсаты бар қоғамдық-пайдалы қызмет, бос уақытты формалды емес ұйымдастыруды қосу арқылы білім алушылардың қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын меңгеру үшін жағдай жасау бойынша оқушы, мұғалім және тәрбие үдерісінің басқа субъектілерінің шығармашылық мақсатты әрекеттестік түрі.

Сондықтан тәрбие жүйесінің негізгі бағытталуы білім алушының тұлға дамуына ықпал ету, оқушылардың сабақтан тыс қызметін жобалау педагогикалық қызметтің маңызды үдерісі болып табылатындығында.

Сабақтан тыс қызмет білім беру кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік береді, оқушыларды дамыту үшін қосымша жағдайлар жасайды, балаларды алып жүруді, оқытудың барлық кезеңінде бейімделу мен әлеуметтік сынама кезеңдерінде қолдауды қамтамасыз ететін желіні тұрғызу болады.

Бұл белгіленген білім беру нәтижесінен шығу жолы - базалық білімді жағдайларда, оқудағы үздіктерде саналы түрде пайдалану қабілеттілігі. Жалпы алғанда, бұл әр түрлі балалар үшін табыс жағдайы және әлеуметтенуді қамтамасыз ету.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың бос уақыты өзін ұстай білуді нығайтуға, оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылауды дамытуға, бос уақытты мазмұнды өткізу дағдысының пайда болуына ықпал етеді, балалардың салауатты өмір салтының тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға, қоршаған ортаның жағымсыз әрекеттеріне қарсы тұра алуға мүмкіндік береді.

Сабақтан тыс уақытта балалардың жұмыспен қамтылуы – балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған қызметтің жеке мағыналы саласында жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты сабақтан тыс еркін уақыттағы қызметі. Бос уақыттың негізгі міндеттері: балалар мен жасөспірімдерді қызметтің әр түрлеріне қосу; тұлғаны дамыту және ғылым, экономика, техника, өнер, спорттың әр түрлі салаларында қосымша практикалық білімін тікелей иелену мүмкіндігі; ұжымдық және жеке шығармашылықты көрсету және іске асыру болып табылады.

Бос уақыт бағдарламаларында балалардың жаппай қатысуы мектеп ұжымының ұйымдасуына, мектеп дәстүрін бекітуге, онда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты нығайтуға мүмкіндік береді.

Мектептегі сабақтан тыс оқу қызметі жүйесін қайта ұйымдастыру және дамыту білім беру үдерісіне шығармашылық сипат береді, оның біртұтастығы мен көп өлшемділігін шарттайды.

Осы жұмыста білім беру ұйымдары қызметінде заманауи үрдіс көрсетілген – білім алушының бәсекеге қабілеттілігінен көрінетін сабақтан тыс қызметті жетілдіру, сабақтан тыс қызметте тәрбиені дамытуға объективтік және субъективтік негіздемелер анықталған.

Білім беру ұйымдарында қазақстандық заңнаманы реттейтін сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру мәселелері:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

«Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы;

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»;

«Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. ҚР Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы.

Сабақтан тыс қызмет мектептегі заманауи білім беру үдерісіндегі маңызды компонент

Позитивті өзгерістер еліміздегі білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеу қызметтер жүйесіндегі өз маңызын тапты. Қазақстандық патриотизмнің, азаматтықтың, адамгершілікті, гуманистік бағыттың, жеке тұлғаның әлеуметтік белсенді дамуындағы саяси және рухани маңыздылығын ұғымы үрдісі жүріп жатыр. Жалпы қазақ менталитетінің, мәдениетінің, ұлттық-тарихи дәстүрлерін ескере отырып, интеллектуалды, рухани және шығармашылық әлеуетін қайта түзету мақсатында шарттар құрылууда.

Мектеп әмбебап білімнің толық жүйесін, білік, дағды сонымен қатар оқушының жеке жауапкершілігі мен дербес қызмет тәжірибесін, мазмұнын қазіргі сапасын анықтайтын негізгі құзыреттілігін қалыптастыруы керек.

Білім беру мақсаттарының бірі оқу үрдісіндегі ұйымдардың жоғары деңгейін мойындайды. Осы тұрғыда қазіргі әлеуметтік мәдениетті жағдайға барабар болатын, оқу қызметіндегі жаңа ұйымның нысандарды іздеумен байланысты педагогикалық мәселе өзекті болып отыр, аталған мәселені шешу оқушылардың сабақтан тыс қызметтер жүйесінде мүмкін болады, ол ұйымдардың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін біріктіреді және білім беру жүйесіндегі дәстүрлі сыныптық сабақтық құрылымы мен әдістері, неғұрлым перспективалы нысандарын дамытуда жаңа серпін береді.

Сабақтан тыс қызметтің дұрыс ұйымдастырылған жүйесі еркін тұлғаның тәрбиесін қамтамасыз ететін, әр оқушының танымдық қажеттіліктері мен қабілеттерін қалыптастыратын немесе мүмкіндігінше дамыту жағдайындағы ортаны ұсынады.

Сабақтан тыс іс шаралардың көп түрлі оқыту нысандары қызметтің алуан түрлі түрлеріне өте үлкен жағдай жасайды, ол оқушының, тек негізгі білім беру ауқымын кеңейту емес, сонымен қатар арнайы ғылыми және кәсіби білімдері, дағдылары мен ептіліктері үшін тарлық психикалық үрдісін қамтиды.

Сабақтан тыс іс- шаралар маңызды мақсаттарды шеше алады:
баланың мектептегі қолайлы бейімделуін қамтамасыз етеді;
оқушының оқу жүктемесін оңтайландыруға;
баланың дамуы үшін жағдайды жақсарту;
оқушылардың жас және жеке бас ерекшеліктерін ескеру.

Сабақтан тыс қызметтің маңызы мен мәні оқушының қабілеттерін, бейімділіктерін, қызығушылықтарын дамыту үшін қосымша жағдай тұғызумен және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастырумен аяқталады. Ол жағдай жасауға бағытталған:

баланың жайлы ортада шығармашылығын өмірдің түрлі аспектілерінде туындатуға және қоршаған ортаға оң қарым-қатынас қалыптастыруға;

баланың қарым-қатынас үрдісінде және балалар қоғамдастығындағы бірлескен қызметтерінде, құрдастары және педагогтермен белсенді араласуында жеке әлеуметтік тұлғасын қалыптастыру;

оқушының болашақ өмірлік жоспарлары мен перспективасын табысты жүзеге асыру үшін өзін-өзі кәсіби анықтауы;

мұғалім мен баланың арасындағы тұлға аралық қарым-қатынастардың жоғары деңгейі талап етіледі;

оқушылардың бір топтан басқа топқа ауысуы (тақырып бойынша, интеллектуалды даму деңгейі бойынша, жетекші педагогке);

білім берудің басқа түрлерінен айырмашылығы оқушылардың барлық топтарын дарынды, ақыл ойының дамуында ауытқушылығы бар, дене кемістігі бар, қоғамға жат мінез қылық бейімділігі бар, әртүрлі жастағы т.б. қамтуға мүмкіндік береді;

ата-анасының және оқушының өзгерістеріне жедел қызмет жасау, сабақтан тыс қызметтің дәстүрлі және инновациялық түрлерін сақтау;

алынған білім мен дағдылардың практикалық маңыздылығы;

білім беру кеңістігін кеңінен пайдалану (сабақтан тыс уақыты түрлі орындарда: кітапханада, акт және спорт залдарында, ойын бөлмесінде, топсеруенде т.б өткізу мүмкіндігі).

приоритет баланың нақты жеке қасиеттерін дамыту мен қалыптасыруда мақсат қояды, балалар ұжымында оң психологиялық ахуалды қалыптастыру, балаларды адамгершілік және мәдени құндылықтарға үйрету;

үй жұмысының орындалмауы.

Оқушылардың сыныптан тыс қызметі оқушылар үшін педагогті неғұрлым серпінді және қызықты қылатын тапсырмалардың әртүрлі түрлері арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлілігі мұғалімге нақты қоршаған ортаны пайдалануға, ал оқушыға әлеуметтік шындықты өздігінен игеруге, жағдай туғызады. Сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі түрлерін ұйымдастыру жалпы мектептегі оқу, акт және спорт залдарын, кітапхананы, сонымен қатар мәдениет үйіне жақын орналасқан үйлерді, балалар ойын сауық орталықтарын, спорттық нысандар мен стадиондарды пайдалануды ұсынады.

Сыныптан тыс қызметтің ерекшеліктері болып саналады:

сабақтан тыс қызметтің мазмұны болып әр түрлі жас топтардағы балалардың қажеттіліктері олардың отбасы мүшелерінің қажеттіліктері қызығушылықтарын ескеру;

сыныптан тыс қызмет балалардың ерікті қатысуы, өзіндік қызметтері және белсенділіктері жағдайы құрылады;

сыныптан тыс қызмет кезінде психологиялық атмосфера бейресми сипат алады, ол балалардың педагогтермен жалпы қызығушылықтар құндылықтары үшін тең құқықты қарым-қатынасын қалыптастырады.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметтерді түсіну, оқушылардың барлық қызмет түрлерін біріктіру (оқу қызметінен басқа), әлеуметтендіру және тәрбиелеу мәселелерін шешуі мүмкін. Басында міндетті емес сыныптан тыс және мектептен тыс тапсырмалар мен топсеруендер біртіндеп оқу-тәрбие үрдісінің маңызды бөлігі ретінде енгізілді.

Жалпы білім беру жүйесінде сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру А.В. Хуторскийдің, И.Л. Василеваның, Н.И. Монаховтың, Н.Е. Щурковтың, Л.В. Занковтың, К.Б. Жарықбаевтың, С.К.Калиевтің педагогикалық зерттеулерінен көрініс тапты.

Академик Л.В. Занков балалардың сабақтан тыс тапсырмаларды орындауға үлкен мән берді, ол «мектептегі сыныптан тыс жұмыс, балалар ұжымында өте маңызды» деп атап көрсетті. Сыныптан тыс іс - шаралар балалардың өзара жақындасуына, балалардың мұғаліммен жақындасуына, балалардың мұғаліммен жақындасуына көмектеседі. Балалардың мектепке деген сүйіспеншіліктерінің артуы, екінші үйлері болып қалыптасуы үшін неғұрлым қолайлы жағдай туындайды. Леонид Владимирович «оқыту мен тәрбиелеу өзара байланысты», сондықтан сабақтан тыс қызметтің танымдылығын сақтау керек, қарым- қатынас шекараларын кеңейту, балаларға қызмет түрлерін өздері таңдауына мүмкіндік беру керек деп есептейді.

Сабақтан тыс қызметтің негізін түсіндіру және ұғындырудың әдіснамалық кілті ретінде «қызмет» деген сөзге назар аудару қажет. Оның үрдісінде идеалардың мақсатты өндірісі, құндылықтары, идеалары, түсініктері, ұсыныстары, мәдениеттің шығармашылық құрылымы жүзеге асырылады. Сыныптан тыс қызметтің қызмет статусына ауысуы оның сапасын күрт өзгертеді. Мектеп үшін сабақтан тыс қызмет оның жауапкершілігін алатын қызметтің жаңа есептік түріне айналады.

Мұндай қызметтің әртүрлі формаларын пайдаланудан мектеп балаларды және жасөспірімдері әлеуметтендіру тапсырмаларын шешуі керек, пән үстілік қабілеттерді қалыптастыру, оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу және дамыту.

Сабақтан тыс іс -шаралар оқушылардың әлеуметтенуіне, шығармашылық қабілеттерінің дамытылуына бағытталған қызметтің бір түрі.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламасы оқушылардың жан жақты дамуына бағытталған.

Өзін-өзі жүзеге асыру оқушылардың танымдық мотивациясы мен танымдық қызығушылығын шығармашылық қабілеттерін дамытуға жетелейді.

Сабақтан тыс қызметтің мақсаты күннің екінші жартысында, яғни түстен кейін жүзеге асырылады, оқушылардың мектептегі оң қарым қатынас жағдайын туғызу, инициативасы мен жауапкершілігін, ашықтығын шынайылығын, барлық жас кезеңдеріндегі сабақтан тыс қызметтерін көрсету үшін қажет болып табылады.

Мақсатқа жету мектептегі іс-шаралар жүйесін сапалы жүзеге асыру кезінде іске асырылады:

жалпымектептік «кілтті істерге» ауысу, оқушылар мен педагогтердің жобалары негізінде жүзеге асады;

әлеуетті мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын анықтау, өзін-өзі іске асыруға көмек көрсету, өзін-өзі кәсіби анықтау, балалардың қатысы арқылы азаматтық сәйкестікті қалыптастыру;

қосымша білім беру берудің әртүрлі шығармашылық және мамандырылған бірлестіктерін құру;

қоғамдық пайдалы, әлеуметтік маңызды қызметтер, жорықтар, топсеруендер, экспедициялар мен әр түрлі бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;

мектепте жүзеге асырылатын әртүрлі деңгейдегі бағдарламалар мен жобаларды іске асыру.

Балаларға сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастырудағы негізгі міндеттер:

қызығушылықтарының, бейімділіктерінің, қабілеттерінің және оқушылардың түрлі қызметіндегі мүмкіндіктерін айқандау;

сабақтан тыс іс-шараларда таңдалған сферада әр баланың жеке дамуына жағдай туғызуы;

оқушылардың қызметіндегі білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру;

оқушылардың бейресми қарым-қатынас тәжірибесін, өзара іс-қимыл ынтымақтастығын дамыту;

оқушылардың қоғаммен қарым-қатынас аясын кеңейту;

оқытуда қиындық көретін балалармен түзету жұмыстарын жүргізу.

Сабақтан тыс жұмыстардың мақсаты мен міндеттері тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын, түрлерін, бағытын анықтайды, қосымша білім берудің бағдарламасына таңдау жасайды.

Оқудан тыс қызметтер бағдарламасының мазмұны барлық білім беру мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін бағдарламаларды анықтайды.

Оқудан тыс іс-шараларға кететін уақыт шамамен аптасына 3-6 сағатты құрауы мүмкін.

Мектепте жүзеге асыру үшін төмендегідей оқудан тыс іс - шаралардың түрлері бар:

1. ойын қызметі;
2. танымдық қызмет;
3. мәселелі құнды қарым-қатынас;
4. ойын сауық іс-шаралары қызметі (бос уақытта тілдесу);
5. көркем шығармашылығы;
6. әлеуметтік шығармашылығы;
7. еңбек (өндірістік) іс-шаралар
8. спорттық-сауықтыру іс-шаралары;
9. туристік және аймақтық зерттеулер.

Сабақтан тыс қызметтің негізгі бағыттары болып спорттық-сауықтыру, көркем-эстетикалық, ғылыми-танымдық, әскери-патриоттық, қоғамдық пайдалы және жобалау шаралары саналады.

Оқушылардың сабақтан тыс қызмет түрлері мен бағыттары өзара тығыз байланысты. Мысалы, бағыттар реті спорттық-сауықтыру, танымдық, көркем шығармашылық қызмет түрлерімен сәйкес келеді.

Екіншіден, әскери-патриоттық, жобалау қызметтері сабақтан тыс қызметтің аталған түрлерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Үшіншіден, қоғамдық пайдалы қызметпен байланысты бағыт сабақтан тыс іс-шаралардың әлеуметтік шығармашылық және еңбек қызметі, сияқты түрлерінде толық жүзеге асуы мүмкін. Сабақтан тыс қызметтің бағыты сабақтан тыс іс -шаралардың бағдарламасына сәйкес құрымында мазмұнды бағдары ретінде қарастырылады.

Негізгі талап сабақтан тыс қызмет кәдімгі сабақтарға ұқсас болмауы керек. Сондықтан сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда дәстүрлі әдістерден гөрі дәстүрлі емес әдістерді қолдану ұсынылады. (1 және 2 кестені қараң-р).

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың дәстүрлі түрлері

1 Кесте

Түрі	Педагогикалық міндеттері
Дәріс Демонстрация (көрсету)	Білім алушылардың шығармашылық ойлау қызметін белсендіру
Семинар Дайындық Жаттығу	Аналитикалық ойлауды қалыптастыру. Ұжымдық жұмысты дамыту шеберлігі.

Дискуссия Экзерсис	Ақпаратпен алмасу, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту және өз көзқарасын қорғау жолдары арқылы білімін кеңейту
Конференция Байқау Концерт Көрме	Өз қызметінің нәтижесін ашық талқылау дағдылары арқылы дамыту
Саяхат	Ой-өрісті кеңейту және сезімдік қабылдауды байыту
Экспедиция Туристтік жорық	Таным, тәрбиелеу, сауықтырудың әр түрлі жоспардағы міндеттерін шешу

2 Кесте

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың дәстүрлі емес түрлері

Түрі	Педагогикалық міндеттері
Пәннің, деректің, құбылыстың, оқиғаның тұсаукесері	Шеберлікті қалыптастыру және дамытуды бір оқиғаны / құбылысты және т.б. бейнелеу ғана емес, сондай-ақ өзінің ұстанымын дәлелді айту.
Сюжетті-рөлдік ойын	Қоғамдық қатынас пен құбылыс құрылымында өзін түсіну
Жоба қорғау	Орындалған жұмысқа талдау жасау қабілеттілігі, жаңа идеялар ұсыну, дауыстап әлеуметтік сөйлеу дағдыларын дамыту
Шай ішу және аспаздық байқаулар	Ерекше психологиялық атмосфера құру, қарым-қатынасты жұмсарту
«Қатты жаңғақ»	Өмірдің қиын өмірлік сауалдардың бірігіп шешу, сенімді әңгімелесу
Мейірімді тосын сыйлар күні	Ықылас белгісін көрсете білу, қуаныш әкелетін жаттығулар
Сұрақтар хатқалтасы, қызығушылық бойынша клубтар	Достық жағдайда пікірлермен еркін алмасу

Сабақтан тыс қызмет оқу-тәрбие беру үрдісінің құрамдас бөлігі және оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың бір формасы болып

табылады. Сабақтан тыс қызмет бүгінде негізінен сабақтан тыс уақытта оқушылардың мазмұнды бос уақытқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың өзін-өзі басқаруға және қоғамдық пайдалы қызметке қатысуы үшін ұйымдастырылатын қызмет ретінде түсіндіріледі.

Мектеп оқушыларының сабақтан тыс қызметін білім беру ұйымында тәрбиелеуші және дамытушы ортаны құруға, бала тұлғасының түрлі салаларын қалыптастыруға, оның танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған зор әлеуетке ие қызмет ретінде қарастыру керек.

Дұрыс ұйымдастырылған сабақтан тыс қызмет жүйесі әр оқушының еркін тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ететін танымдық қажеттіліктері мен қабілеттерін барынша дамытуға немесе қалыптастыруға болатын жағдайлары бар сала болып табылады. Балаларды тәрбиелеу олардың қызметінің кез келген сәтінде жүреді. Алайда бұл тәрбиені оқудан бос уақытта іске асырған барынша өнімді. Сабақтан тыс қызметке бөлінетін сағаттар оқушылардың қалауы бойынша пайдаланылады және оны сабақтық оқыту жүйесінен бөлек ұйымдастырудың түрлі формаларын іске асыруға бағытталған. Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру кезінде оқушылардың сабақтары *экскурсиялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пікірталастар, олимпиадалар, сайыстар, дидактикалық театрлар, кітапханалық сабақтар, қоғамдық пайдалы іс-тәжірибелер, ізденушілік және ғылыми зерттеулер, туристік және өлкетанушылық экспедициялар формаларында* өткізілуі мүмкін.

Оқушыларды сабақтан тыс қызметтің барлық бағыттары бойынша біріктірудің ұйымдастыру формалары *үйірмелер, секциялар, клубтар, студиялар, оқушылардың ғылыми қоғамдары, зерттеу немесе жобалық зертханалар, кіші ғылым академиясы, балалардың қоғамдық бірлестіктері және т.б.* болуы мүмкін. Сабақтан тыс сабақтар өз қызметін өзінің бірегейлігі мен қажеттілігін сезінуі үшін әрбір оқушыға бағыттауы тиіс. Үйірмелер мен секцияларға бара отырып оқушылар құрдастары ортасында тамаша бейімделеді, жетекшінің жеке жұмысының арқасында оқ материалы терең үйретіледі. Сабақтан тыс қызметті оқу пәндері, курстары бағдарламалары мазмұнының жекелеген аспектілерін бекіту және тәжірибеде қолдану үшін пайдаланудың артықшылығы айдан анық. Сабақтарда жетекшілер оқушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық, музыкалық сияқты қабілеттерін ашуға тырысады, бұл жеткіншектердің рухани дамуында маңызды рөл атқарады. Сабақтарды тек жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері ғана емес, сонымен қатар қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері де өткізулері мүмкін. Сабақтан тыс қызмет сабақтан бос уақытта белгілі бір жас тобындағы балалар мен

жасөспірімдерді әлеуметтендіру, оларда әлеуметтік маңызды іс-тәжірибелерге және өзін-өзі басқаруларға қатысуға деген қажеттілікті қалыптастыру, тұлғаның маңызды позитивті қасиеттерін дамытуға арналған жағдайлар жасау, олардың шығармашылық және танымдық белсенділіктерін іске асыру, мәнді бос уақытқа қатыстыру үшін ұйымдастырылады. Нақ осы сабақтан тыс қызмет бірінші кезекте уәждемесі төмен балаларда шығармашылыққа деген талпынысты дамытуға септеседі.

Балаларға оқу материалын стандартты емес жағдайларда игеру жеңіл екені ешкімге жасырын емес. Нақ осы сабақтан тыс қызмет ұжымдық шығармашылықты дамытуға септеседі, қарым-қатынас дағдыларын, жауапкершілік сезімін, еркін ойлау, сабақ оқу кезіндегі кедергіні еңсеру іскерлігін қалыптастырады, ынтымақтастық үшін жағдайлар жасайды.

Оқушылардың, ең алдымен дарынды балалардың және мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуетін дамыту үшін оқушылардың өздерінің және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қатысуларымен жеке оқу жоспарлары әзірленуі мүмкін. Жеке оқу жоспарларын іске асыру білім беру ұйымы педагогінің қолдауымен бірге жүреді.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметтерін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, мәдениет және спорт ұйымдарының мүмкіндіктерін пайдаланады. Каникул кезеңінде сабақтан тыс қызметті жалғастыру үшін балалардың демалысы және оларды сауықтыру ұйымдарының, тақырыптық лагерь ауысымдарының, жалпы білім беретін мектептер базасында құрылған жазғы мектептердің және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері қолданылуы мүмкін.

Сабақтан тыс қызметтің табысы тек белсенді оқушыларға ғана емес, сондай-ақ педагогикалық әсерге, мұғалімнің тәрбиеленушілердің қызығушылықтарына қоғамдық пайдалы бағыт беру іскерлігіне де байланысты.

Сабақтан тыс жұмысты табысты ұйымдастырудың және дамытудың негізгі шарттарының бірі – бұл пән мұғалімінің пән мазмұнын іске асыру үшін арнайы дайындығы.

Сабақтан тыс қызметтің ұйымдастыру модельдері

Сабақтан тыс қызметтің міндеттеріне, формаларына және мазмұнына қарай, оны базалық ретінде іске асыру үшін келесі *ұйымдастыру моделі* қарастырылады.

Сабақтан тыс қызметті іске асырудың базалық ұйымдастырушылық моделі:

білім беру үрдісінің қатысушылары қалыптастыратын білім беру ұйымының оқу жоспары (сабақтыққа қарағанда бөлек формаларда

өткізілетін қосымша білім беру модульдері, арнайы курстар, мектептік ғылыми қоғамдар, оқу ғылыми зерттеулер, практикумдар және т.б.);

білім беру ұйымдарының қосымша білім беру бағдарламалары (қосымша білім берудің мектепішілік жүйесі);

балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, сонымен қатар мәдениет және спорт ұйымдарының білім беру бағдарламалары;

сынып жетекшілігі (экскурсиялар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, сайыстар, қоғамдық пайдалы тәжірибелер және т.б.);

білім беру қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының лауазымдық міндеттеріне сәйкес өзге педагогикалық еңбеккерлердің (ұйымдастырушы-педагогтің, әлеуметтік педагогтің, педагог-психологтің, аға тәлімгердің) қызметі;

жаңа білім беру бағдарламаларды, оның ішінде өңірлік ерекшеліктерін есепке алатын бағдарламаларды әзірлеу, апробациялау, енгізу бойынша инновациялық (тәжірибелік) қызмет.

Аталмыш базалық модельге сүйене отырып, сабақтан тыс қызметтің ұйымдастыру модельдерінің бірнеше негізгі типтері ұсынылуы мүмкін:

балаларға қосымша білім беру моделі;

«толық күн мектебі» моделі;

оңтайландырылған модель (білім беру ұйымының барлық ішкі ресурстарын оңтайландыру негізінде);

инновациялық-білім беру моделі.

Балаларға қосымша білім берудің моделі мектепішілік қосымша білім беру әлеуетін басым қолдануға және балаларға мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастыққа сүйенеді. Сабақтан тыс қызмет балалардың шығармашылық қызығушылықтарын дамыту үшін жағдайлар жасау және оларды көркем, техникалық, экологиялық-биологиялық, спорттық және басқа қызметке қосу жағынан балаларға қосымша білім берумен тығыз байланысты. Сабақтан тыс қызмет пен балаларға қосымша білім беру арасындағы байланыстырушы болып факультативтер, мектептік ғылыми қоғамдар, кәсіби бағыттағы бірлестіктер, таңдау бойынша оқу курстары сияқты оны іске асырудың формалары болып табылады.

Қосымша білім беру моделі негізіндегі сабақтан тыс қызмет кезінде білім беру ұйымдары балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, мәдениет және спорт ұйымдарының мүмкіндіктерін қолдануы мүмкін. Аталмыш модель сабақтан тыс қызметтің және балаларға қосымша білім берудің ортақ бағдарламалық-әдістемелік кеңістігін құруды, білім беру ұйымын басқарудан білім беру бағдарламасын басқаруға көшуді іске асыруды көздейді.

Аталмыш модель балалардың аумақтық, әлеуметтік және академиялық ұшқырлыққа дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Модельдің артықшылығы балаларға қызығушылықтар бойынша балалар бірлестігі бағыттарының спектрі негізінде кең таңдау ұсыну, балалардың еркін өзін-өзі анықтау және өзін-өзі іске асыру мүмкіндігі, сабақтан тыс қызметті іске асыру білікті мамандарды тарту, сондай-ақ білім беру үрдісі ұйымының балаларға қосымша білім беруге тән тәжірибелік-бағдарлы және қызметті негіз болып табылады.

Қосымша білім беру ұйымы өзінің әлеуетін толық шамада іске асыруы үшін барлық педагогикалық жүйенің нақты әрі үйлесімді жұмысы қажет. Сондықтан педагогтерге бір-бірінің – балаларға қосымша білім берумен кәсіби айналысатын және мектептегі пәндік оқытумен байланысты педагогтердің мәселелерін білу және түсіну аса маңызды. Тек солардың өзара көмегі және бірлесе ойластырылған қызмет жеке мектеп деңгейінде де, бүтін қала, өңір, ел деңгейінде де тұтас білім беру кеңістігін құру үшін негіз бола алады.

«Толық мектеп күні» моделі. «Толық мектеп күні» моделінің негізі – сабақтан тыс қызметті көбінесе ұзартылған күн тәрбиешілерімен іске асырылуы.

Аталмыш модельді сипаттайды:

баланың күні бойы білім беру ұйымында толыққанды болуы үшін жағдайлар жасау, оның ішінде мектептің білім беру ортасын поляризациялау және түрлі акценттелген кеңістіктерді бөлу арқылы;

тәрбие беру жүйесі және білім беру ұйымының негізгі білім беру бағдарламалары аясындағы оқу, тәрбие беру, дамыту үрдістерінің мазмұнды бірлігі;

санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтердің сақталуын қамтамасыз ететін және білім беру үрдісін тиімді ұйымдастырудан, қимыл белсенділігін оңтайландырудан, тиімді тамақтануды ұйымдастырудан, денсаулықтың және салауатты өмір салтының құндылығын қалыптастыру бойынша жұмыстардан тұратын денсаулық сақтау ортасын құру;

балалар қоғамдық бірлестіктерінің және оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының белсенді қолдауымен балалардың өз-өздерін көрсетулері, өз-өздерін іске асырулары және өз-өздерін ұйымдастырулары үшін жағдайлар жасау;

баланың білім беру ұйымында болуының жеке білім беру траекториясын және жеке кестесін құрастыру;

негізгі және қосымша білім беру бағдарламалары ынтымақтастығына сүйену.

Аталмыш модельдің артықшылықтары болып табылады: күні бойы білім беру үрдісін табысты іске асыруға арналған жағдайлар кешенін құру, тамақтануды қоса алғанда.

Оңтайландырушы модель. Білім беру ұйымының барлық ішкі ресурстарын оңтайландыру негізіндегі сабақтан тыс қызметтің моделі

оны іске асыруға аталмыш білім беру ұйымының барлық педагогикалық қызметкерлерінің (мұғалімдер, ұйымдастырушы-педагог, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, тәрбиеші, аға тәлімгер және т.б.) қатысуын қарастырады. Бұл жағдайда үйлестіруші рөлін әдетте сынып жетекшісі атқарады, ол өзінің функциялары мен міндеттеріне сәйкес:

педагогикалық қызметкерлермен, сонымен қатар білім беру ұйымының оқу-қосалқы қызметкерлерімен өзара әрекеттеседі;

сыныпта мектеп ұжымы қызметінің аясында оқушылар тұлғасының оң әлеуетін дамытуға арналған оңтайлы білім беру үрдісін ұйымдастырады;

сынып ұжымының тәрбиелеуші үрдісінің түрлі формалары арқылы, оның ішінде өзін-өзі басқару органдары арқылы қарым-қатынастар жүйесін ұйымдастырады;

оқушылардың әлеуметтік маңызды, шығармашылық қызметін ұйымдастырады.

Оңтайландырушы модельдің артықшылығы сыныптан тыс қызметке кететін қаржылық шығындарды азайту, білім беру ұйымында бірыңғай білім беру және әдістемелік кеңістік құру, оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің мазмұндық және ұйымдастырушылық бірлігі болып табылады.

Инновациялық-білім беру моделі. Инновациялық-білім беру моделі республикалық және өңірлік деңгейдегі инновациялық (тәжірибелік, қанатқақты, ендірушілік) алаң қызметіне сүйенеді. Аталмыш модель аясында жаңа білім беру бағдарламаларының, оның ішінде өңірлік ерекшеліктерді ескеретін бағдарламалардың әзірленуі, апробациялануы, енгізілуі жүреді. Инновациялық-білім беру моделі білім беру ұйымдарының кәсіби және жоғары білім беру ұйымдарымен, ғылыми ұйымдармен және әдістемелік қызметтермен тығыз өзара қызметін қарастырады. Аталған модельдің артықшылықтары болып табылады:

сабақтан тыс қызмет бағдарламалары мазмұнының және (немесе) әдістемелік құрал-жабдықтарының жоғары өзектілігі;

оларды іске асыруды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, қалыптасатын тәжірибенің брегейлігі.

Мектепте сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру моделі білім беру үрдісі жүретін жағдайларға байланысты: параллель сыныптардың саны; қосымша білім беру, мәдениет және спорт ұйымының болуы; жұмыс ерекшелігі (бір немесе екі ауысым, сыныптардың комплектілігі).

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру моделін әзірлеу кезінде келесі ұстанымдарға жүгіну керек:

Оқушылардың және олардың ата-аналарының қажеттіліктерін есепке алу ұстанымы. Бұл үшін ата-аналар мен оқушылардың

қажеттіліктерін анықтау, сұраныстың мектептің кадрлық ресурсымен, даму бағдарламасының ерекшеліктерімен сәйкестендіру керек.

Негізгі мектепте жалғасатын қызметтің кем дегенде бір бағытын таңдауға негізделетін сабақтастық ұстанымы. Мысалы: жобалық қызмет. «Мен – зерттеушімін» үйірмесі бастауыш мектептің төрт жылы бойында жұмыс істей алады, өзінің зерттеу спецификасына ие, және негізгі мектептегі клуб немесе ғылыми қоғам түрінде заңды жалғасады.

Сабақтан тыс қызмет бағыттарының әртүрлілігі ұстанымы, ол сабақтан тыс қызметтің бағыттарын іске асыруды көздейді:

Мектептің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, білім беру ұйымының даму бағдарламасын есепке алу ұстанымы. Мысалы, егер мектеп экологиялық білім беру және тәрбие беру мәселесі бойынша жұмыс істесе, аталмыш бағыт бастауыш мектептен бастап сабақтан тыс қызмет сабақтарында көрініс табуы тиіс.

Сабақтан тыс қызметтерді ұйымдастыруға арналған өңірлік әзірлемелерді есепке алу ұстанымы. Бірінші сыныпта «Оқы, оқы» атты үйірмені ұйымдастыру, оның бағдарламасы тек сабақтарда, пәндік материалда ғана емес, сондай-ақ түрлі ойындық және танымдық сценарийлерде де әмбебап оқу қызметтерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарымен өзара қызмет ұстанымы. Сабақтан тыс сабақтардың бөлігі қосымша білім беру ұйымының, кітапхананың аумағында іске асырылуы мүмкін. Үйірме жетекшісі болып қосымша білім беру жүйесінің немесе мәдениет және спорт мекемесінің маманы істей алады.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру ормаларының әртүрлілігі ұстанымы. Мектептің сабақтан тыс қызмет бағдарламасында үйірмелер, студиялар, клубтар, шеберханалар, секциялар, қоғамдар және т.б. болулары тиіс.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру кезінде оқу жылының оқу және каникулдық кезеңдерін оңтайлы пайдалану ұстанымы. Сабақтан тыс қызмет бағдарламасының бір бөлігі каникул уақытында, демалыс күндері іске асырылуы мүмкін. Белгілі бір сабақтардың өткізілу уақыты туралы ақпарат үйірменің, студияның бағдарламасында болуы тиіс.

Білім беру үрдісінде қолданылатын оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) мүмкіндіктерін есепке алу ұстанымы.

Сабақтан тыс қызметке іс-әрекет мазмұнының қатаң реттелуі және бағдарламаларды, алгоритмдерді, жоспарларды құрастыру кезіндегі таза басқарушылық амал-тәсіл тән емес. Сабақтан тыс қызмет баланы тәрбиелеудің жеке сипатын көздейді, бұл ретте тәрбие оқушы таңдап алған қызмет пәніне деген қызығушылыққа негізделеді.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру кезеңдері:

1. Жобалық, ол балалардың қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне диагностикадан, олардың ата-аналарының сұраныстарынан және оның нәтижелері негізінде ресурстық қамтамасыз етудің мүмкіндіктерін есепке ала отырып, мектептегі сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру жүйесін жобалаудан тұрады.

2. Ұйымдастырушылық-қызметтік, оның аясында сабақтан тыс қызметтің әзірленген моделінің оның ресурстық қамтамасыз етілуі арқылы құрылуы және жұмыс істеуі жүреді.

3. Сараптамалық кезең, оның барысында сабақтан тыс қызметтің іске асырылушы моделіне талдау жүргізіледі

Сабақтан тыс қызметті іске асыру үшін жағдайлар жасау. Сабақтан тыс іс- қызметті табысты іске асыру үшін мына бағыттар бойынша бірқатар іс-шараларды өткізу қажет:

Ұйымдастырушылық қамтамасыз ету ресурстық орталықтарды құрудан тұруы мүмкін. *Алғашқы құрамдас ретінде мына «ресурстық» модель бола алады:* балаларға қосымша білім беру ұйымы бірнеше жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына арнап білім беру үрдісін іске асыру үшін өзінде бар материалдық-техникалық базаны қолданады, ол мектептер балаларға қосымша білім беру ұйымына «топтасады».

Вариативті модельдің екінші құрамдас бөлігі де өзара қызметті ұйымдастыруға деген дәстүрлі амал-тәсіл болып табылады, яғни жалпы білім беру ұйымының оқушылары қызығушылықтары бойынша аталмыш жалпы білім беретін ұйымның базасында жұмыс істейтін балаларға қосымша білім беру ұйымдарының үйірмелеріне, секцияларына, клубтарына және т.б. барады.

Оқушылар санының көп жағдайында аталмыш модельдің ары қарай дамуы мектеп базасында БҚББҰ тиісті филиалының ашылуына әкеледі.

Өзара қызметтің вариативті моделінің үшінші құрамдас бөлігі – бұл балаларға қосымша білім беру ұйымының базасындағы тағылымдамалық алаң қолданылатын модель. Бұл жағдайда БҚББҰ – бұл жалпы білім беру жүйесі педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған белгілі бір ұйымдастырушылық-әдістемелік орталық және базалық ұйым.

Балаларға жалпы және қосымша білім беретін ұйымдардың барлық өзара іс- қызметі жағдайларында ортақ бағдарламалық-әдістемелік кеңістік құрылуы тиіс. Мұндай өзара қызмет аясында іске асырылатын сабақтан тыс қызмет бағдарламаларының мақсатты бағдарлары нақты жалпы білім беретін ұйымның жалпы орта білім беру бағдарламасын игерудің жоспарланып отырған нәтижелерін көздеуі тиіс.

Сабақтан тыс қызметті іске асыруды нормативті қамтамасыз ету мектептің басқа ұйымдармен өзара қызметін, оның құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ білім беру үрдісі қатысушыларының қызметін ұйымдастыруға арналған тиісті құқықтық өріс құруы қажет.

Білім беру ұйымдарының әзірленуші немесе үйлестіруші локальдық актілері Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келуі тиіс.

Қаржылық-экономикалық шарттар. Жалпы білім беру ұйымдарында және балаларға қосымша білім беру ұйымдарында жергілікті бюджеттерден қаржы бөлу арқылы тегін жалпы орта білім беруді қамтамасыз ету ЖАО құзіретіне жатқызылған.

Заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдары тиісті білім беру бағдарламаларымен және МЖБС-пен қарастырылмаған ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетуге (қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, арнайы курстарды және пәндер циклін оқыту, репетиторлық, оқушыларға пәндерді тереңдетіп үйрету сабақтары және басқа қызметтер) құқылы.

Алайда бұл ақылы білім беру қызметтері бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылатын білім беру қызметімен бірге көрсетіле алмайды.

Сондықтан, егер қосымша білім беру қызметтері жоғарыда көрсетілген жағдайлар сақталған кезде сұранысқа ие болса, және бұл сабақтан тыс қызметтің қолда бар бағыттарын кеңейтсе, сондай-ақ тиісті құрал-жабдықтарға, орынжайларға және т.б. ақы төлеумен байланысты болса (мысалы, жүзу секциясы, мәнерлеп сырғанау секциясы, атқа мініп жүру секциясы үшін және т.б.), онда олар сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруға арналған қосымша ресурс ретінде қолданыла алады.

Сабақтан тыс қызметті іске асыруды *ақпараттық қамтамасыз етуге* мыналар енгізілуі мүмкін:

білім беру ұйымдары педагогтері, оқушылар және ата-аналар қауымдастығы арасында кәсіби-қоғамдық пікір мониторингін жүргізу;

білім беру ұйымдарының ата-аналар қауымдастығымен, әлеуметтік серіктестермен, басқа білім беру ұйымдарымен, білім беру саласында басқаруды іске асыратын органдармен өзара қызметін ұйымдастыруға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

түрлі мәліметтер базасын (нормативтік құқытық, әдістемелік және т.б.) құру және жүргізу;

сабақтан тыс қызметті іске асыруды жоспарлау, уәждеу, бақылау үрдістерін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар аумақтық қашықтыққа қарамастан білім беру үрдісінің барлық субъектілеріне тек өңірлік немесе республикалық қана емес, сондай-ақ халықаралық конкурстарға қатысуға мүмкіндік береді, осылайша олардың шығармашылық өзін-өзі іске асыруларына, оның ішінде сабақтан тыс қызметтегі өзін-өзі іске асыруларына арналған кеңістікті кеңейтеді.

Сабақтан тыс қызметті іске асыру өзінің міндеттеріне қарай білім беру үрдісін ұйымдастыруға, оған қатысушылар қызметінің нәтижелерін бағалауға, білім беру мазмұнын іріктеуге басқа (сабақтық формадағы оқу үрдісіне қарағанда) амал-тәсілдерді талап етеді.

Осы ретте *білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге* маңызды рөл беріледі, өйткені сабақтың тыс қызметтің ортақ бағдарламалық-әдістемелік кеңістігін құруды қарастырады.

Білім беру ұйымдары үшін бұл ашық ғылыми-әдістемелік кеңістікке интеграциялану, педагогтердің кәсіби күзіреттіліктерін арттыруға деген амал-тәсілдерді жаңарту дегенді білдіреді.

Сабақтың тыс қызметтерді іске асыруға арналған кадрлық шарттар:

білім беру ұйымының қажетті педагогикалық, басқарушы және өзге еңбеккерлермен қамтылуы;

білім беру ұйымының педагогикалық және өзге еңбеккерлерінің тиісті біліктіліктерінің болуы;

білім беру ұйымы педагогикалық еңбек ерлері кәсіби дамуының үздіксіздігі.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру кезінде егер жалпы білім беретін білім беру ұйымында қажетті материалдық-техникалық база жоқ болса, балаларға қосымша білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мүмкіндіктерін қолдану керек.

Каникул кезеңінде сабақтан тыс қызметті жалғастыру үшін балалардың демалыс және оларды сауықтыру ұйымдарының, жалпы білім беретін ұйымдардың және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының базасында құрылатын тақырыптық лагерьлік және бейінді ауысымдардың, жазғы мектептердің мүмкіндіктері қолданылуы мүмкін.

Балаларға қосымша білім берудің құндылығы сол, ол жалпы білім берудің вариативті құрамдас бөлігін күшейтеді, мектепте алынған білім мен дағдылардың тәжірибеде қолданылуына септеседі, оқушылардың танымдық уәждемелерін ынтыландырады. Ал бастысы – қосымша білім беру жағдайларында балалар өздерінің шығармашылық әлеуеттерін, қазіргі заманғы қоғамға бейімделу дағдыларын дамытады және бос уақыттарын толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігін лады.

Қосымша білім беру – оқушылардың білім беру қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылатын тәрбие беру және оқыту үрдісі (ҚР-ның «Білім туралы» заңы).

Балаларға қосымша білім беру – түрлі өмірлік жағдаяттардан (оның ішінде белгісіздік жағдайларынан) шығудың басқа, дәстүрлі емес жолдарын апробациялайтын, тұлғаға өз тағдырын таңдаудың көптеген мүмкіндігін беретін, тұлғалық өзін-өзі дамыту үрдісін ынталандыратын ізденістік білім беру. Қосымша білім беру өзінің әлеуетін толық көлемде іске асыруы үшін барлық педагогикалық жүйенің нақты әрі үйлесімді жұмысы қажет.

Мектептегі қосымша білім берудің өзгешелігі мынадан байқалды:

баланың мақсатты өз еркімен сабақтан бос уақытын өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін толыққанды дамыту үшін пайдалануы;

қызмет бағытын, педагогті, білім беру бағдарламасын таңдау еркіндігі;

қызмет түрлерін, ұжымды, педагогті ауыстыру мүмкіндігі;

қосымша білім беру бағдарламалары негізінде іске асырылатын білім беру үрдісінің шығармашылық сипаты;

бала мен педагогтің ерекше өзара қарым-қатынасы (ынтымақтастық, бірлескен шығармашылық, балаға жеке амал-тәсілдер қолдану);

кәсібиге дейінгі дайындықты алу мүмкіндігі.

Балаларға қосымша білім беру тұлғаны оқытудан, тәрбиелеуден және шығармашылық дамытудан басқа бірқатар басқа әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, мысалы мынадай: балаларды жұмыспен қамту, олардың өзін-өзі іске асыруы мен әлеуметтік бейімделуі, салауатты өмір салтын қалыптастыру, панасыздықтың, құқықбұзушылықтардың және балалар мен жасөспірімдер арасындағы басқа әлеуметтік емес құбылыстардың алдын алу.

Балаларға қосымша білім берудің негізінде таңдау бойынша сапалы білім берумен қамту мәселелері, балалар мен отбасының әлеуметтік-экономикалық проблемалары, тұтас қоғамды сауықтыру проблемалары шешіледі.

Қосымша білім беру балаға өзінің жеке білім беру жолын таңдаудың, оқу үлгерімі деңгейіне қарамай өз қабілеттеріне сәйкес табысқа жету мүмкіндіктерін алудың нақты мүмкіндігін береді. Қосымша білім беруде бала сабақтың мазмұнын, формасын өзі таңдайды, сәтсіздіктерден қорықпайды. Осының бәрі табысқа жету үшін жағымды психологиялық жағдай туғызады, бұл өз кезегінде оқу қызметіне оң ықпал теді.

Қосымша білім беру міндеттерін іске асыра отырып мектеп бір жағынан – білім беру стандартын игеру қажеттілігі мен екінші жағынан

– тұлғаның еркін дамуы үшін жағдай жасау арасында орын алатын карама-қайшылықты шешеді, бұл білім беруді жаңартудың аса маңызды ұстанымы ретінде жарияланған білім беруді ізгілендірудің негізі болып табылады. Гуманистік педагогика баланы тұлға және индивид ретінде қабылдауға, оның өзін-өзі іске асыруға және өзін-өзі анықтауға деген құқығын қорғауға бағытталуымен ерекшеленеді. Нақ осы қосымша білім беру аталмыш критерийлерге барынша толық сәйкес келетін болып шықты. Ол өзінің мәні жөнінен пәндік бағытта қалып отырған, мектеп стандартын игеруге бағытталған базалық білім беруге қарағанда тұлғаға бағытталған болып табылады.

Тек мектеп қабырғаларында білім берудің қос түрінің органикалық үйлесім табуы жеке баланы да, сондай-ақ бүкіл білім беру ұйымын да дамытуға көмектесе алады. Мұны ұғыну – мектеп педагогтерінің қосымша білім беруді негізгі білім берумен бір қатарда қабылдаулары жолындағы психологиялық кедергіні еңсерудің негізі.

Қосымша білім беру қызметінің негізгі мақсаты балаларға өз ойларын білдіруге, өздігінен дамуға және өзін-өзі анықтауға жағдай жасау. Бұл мақсатты іске асыру үшін білім алушыны объект ретінде қарастырмай, белсенділік, дербестік, коммуникативтілік сияқты жеке қасиеттерді дамытуда мүмкін болып табылатын оқытудың субъектісі ретінде қарастыру қажет.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім беру үдерісі нақты өзіне ғана тән сипаттамалық ерекшеліктері бар:

негізгі оқу уақытынан бос уақытта балалармен іске асырылады, бағыт және қызмет түрлерін таңдау, жыл бойы қызмет сферасын ауыстыру мүмкіндігі болуымен ерекшеленеді;

еркіндікпен, бастамалармен және барлық қатысушылардың белсенділігімен (балалардың, ата-аналардың, педагогтердің), қатаң реттелмеуімен және қатаң талаптардың жоқтығымен сипатталады;

білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған танымдық қызығушылықтарын дамытады және білім алушыларға сабақтардың түрлі бағыттары мен түрлерін үйлестіру құқығын береді;

оның барлық қатысушыларына формалдық емес жайлылық сипатта болады.

Тек білім беру үдерісіне ғана сенім артуға болмайтыны туралы айтатын уақыт туындады, қосымша білім беруді екінші кезекте қабылдау стереотипін артта қалдыру қажет және оның оқытудың, тәрбиелеудің, баланы дамытудың ортақ үдерісіне біріктіре алатын объективті мүмкіндігін түсіну қажет.

Жалпы білім беретін мектептерде балаларға қосымша білім берудің толық дамуы келесі міндеттерді орындайды:

1. Қосымша білім беру жүйесі әр балаға көңіліне жақын сабақты

таңдауға, оқушылардың бос уақыттарын толық қамтамасыз етуге, көптеген пәндерді терең оқуға мүмкіндік береді.

2. Мектепте қосымша білім беру аясында оқушылармен жұмыс жасау маңызды тәрбиелік міндеттерді атқарады: оқушылардың бос уақытын мақсатқа сәйкес ұйымдастырады, шығармашылық тұлғаны қалыптастырады, әлеуметтік, мәдени және кәсіби өзін-өзі анықтауға жағдай жасайды, бейәлеуметтік тәртіпті алдын алады.

4. Биология, физика, тарих, орыс тілі, ағылшын тілі және басқа пәндер бойынша пәндік кеңес беру осы пәндерден оқушыларға жобалық және зерттеушілік қызметтердің негіздерін оқуға мүмкіндік береді.

5. Қосымша білім беру жүйесі педагог кадрлардың шығармашылық әлеуеттерін жоғарылатуға, педагогикалық үздік тәжірибені анықтауға және таратуға мүмкіндік береді.

6. Инновациялық педагогикалық идеяларды, білім берудің модельдері мен технологияларын белсенді қолдануға жағдай жасайды.

Сөйтіп, қосымша білім беру балалардың рухани, зияткерлік, дене даму тұрғысында, шығармашылық және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қосымша мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге міндетті. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - әр балаға білім беру салаларын, қосымша бағдарламаның бейінін және оны меңгеруге кететін уақытын еркін таңдауға мүмкіндік жасау. Бұл мақсатты орындау қызмет түрлерінің алуандығын, білім беру үдерісінің тұлғаға бағытталу сипаттамасын, оның тұлғасын тануға және шығармашылыққа деген уәждемесін дамытуға бағытталуына, балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, оларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи мектепте балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың жолдары

Балаларға қосымша білім беруді дамытуды зерделеу қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде оны ұйымдастырудың негізгі төрт моделі бар екендігін көрсетеді. Қосымша білім берудің бағдарламалары бойынша жұмыс жасайтын балаларды сабақтан тыс жұмыстар жүйесіне тарту нақты әрбір мектеп қарастыратын қосымша білім берудің қандай деңгейді көздеулеріне сәйкес, өзінің ерекшеліктері болуы мүмкін және әртүрлі тәрбиелік қорытындыларға жетуі мүмкін.

Олар мынадай болуы мүмкін:

1) жұмыстары бір-бірімен сәйкес келмейтін және сол уақытта бар кадрлық және материалдық жағдайларға толығымен тәуелді үйірмелер, секциялар, клубтарды кездейсоқ ашу;

2) балалар шығармашылық ұжымдарының және бірлестіктерінің жұмыстарын ішкі шоғырландыру, олардың қызметтерінің әртүрлі бағыттарға бағытталуы;

3) балаларға қосымша білім беруді дамытуды мектептің жеке бөлімшесі ретінде қарау;

4) негізгі және балаларға қосымша білім беруді кіріктіру, мектептің негізгі құрылымының мазмұндық және ұйымдастырушылық бірлестігі.

Мектеп жұмысының тәжірибесінде жоғарыда көрсетілген барлық ұйымдастырушылық модельдерді қолдануға болады. Қазіргі кезде мектептерде қосымша білім беруді ұйымдастырудың бірінші екі деңгейіне артықшылық береді. Кіріктіру үдерісін іске асыру жағдайында үшінші және төртінші деңгейлер өздерінің жеке тәрбиелік жүйесін құруға бағытталған мектептерге тән.

Әр модель, кім оларды жобалап және алдыңғы уақытта тәжірибеде іске асыратын болса, барлығы үшін нақты бір құндылықтармен қамтамасыз етеді. Мектепте қосымша білім беруді ұйымдастырудың бірінші деңгейі негізіндегі модельдердің нақты бір мән-мағынасы бар, өйткені, балалардың бос уақытын қамтамасыз етеді және олардың сабақтан тыс жұмыстарының спектрларын анықтауға мүмкіндік береді. Екінші деңгейдегі модельдер балаларды, сонымен қатар балалар мен ересектерді біріктіретін (қауымдастықтар, шығармашылық зертханалар, экспедициялар, шеберханалар және тағы басқалар) өздерінің өзгешелік түрлерімен ерекшеленеді.

Ұйымдастырушылық әрекеттестіктің үшінші және төртінші деңгейлерінде құрылған модельдер балалардың қосымша білім беруге әртүрлі сұраныстарын қанағаттандыруды қамтамасыз етуге және сонымен бірге бұданда маңызды жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай жетістіктерге жету тәрбиелік бағдарламалардың мазмұнын бірлесе әзірлеу арқылы барлық субъектілер жұмыстарының бірлігі есебінен мүмкін болады. Бірінші жағдайда, ортақ бағдарлама негізінде жұмыс жасайтын, тәрбиелік қызметтің жалпы мектептік компоненті ретінде қарастырылатын, барлық қосымша білім беру педагогтері қызметтерінің бірлігі есебінен іске асырылады. Екінші жағдайда – мазмұн деңгейінде, сондай-ақ технологиясы деңгейінде негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын қосымша білім берумен кіріктіру есебінен іске асырылады.

Ішкі, сондай-ақ сыртқы механизмдерді қолданатын ұйымдастырушылық әрекеттестіктің үшінші және төртінші деңгейлерін іске асырумен құрастырылған модельдер, басымдық ретінде қарастырылады, себебі олар мектептегі білімнің барлық деңгейлерінде жаңа стандарттармен қарастырылған тәрбиелік жүйе құруға бағытталған.

Мектептегі қосымша білім беру міндетті түрде қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын басшылыққа алатын, қызығушылықтары бойынша құрылған балалардың түрлі шығармашылық бірлестіктерінің

жетекшілері іске асырылады.

Мектептегі қосымша білімнің бағыттары: көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және тағы басқа.

Сабақтан тыс жұмыстар мен қосымша білім берудің маңызды байланыстырушы буын пәндік үйірмелер болып табылады: бұл міндетті оқу материалымен байланыс; білімге, біліктілікке, дағдыға және жеке дамуға бағытталу; сабақтарға міндетті немесе ерікті қатысу; білім беру материалының көлемін және оны меңгеруге кететін уақытты таңдау мүмкіндігін береді. Бір жағынан бұл пән бойынша сабақтан тыс жұмыс, ал басқа жағдайда – қосымша білім берудің бөлімі.

Білім беру үдерісінің баланың дамуына, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, қабілеттерін ашуға бағытталғандығы маңызды. Мұнда білім беру үдерісінің нысандалған сипаты аз, сондықтан ол бала дамуының табиғи негізіне жақын болып келеді. Білім алушы қызметтің белсенді субъектісі болып табылады, білім алу міндеттерін белсенді шешеді: бақыланатын көріністердің мәнін және себептерін түсіндіреді, қызметті орындау түрлерін анықтайды, бақылау объектілерінің арасындағы тәуелділікті және тағы басқаны зерттейді.

Егер мектепте оқытуды жекелендіру ережесіне сәйкес бастама мұғалім тарапынан болатын болса, ал балаларға қосымша білім беруде, өзіне қызықты қызмет түрін анықтау, ең алдымен, баланың тарапынан болады. Педагогтің позициясы өзгереді: ол тек қана білім тасымалдаушысы ретінде қарастырылмай, сонымен қатар оқушының тұлғалық қалыптасуына көмекші ретінде қарастырылады: ынтымақтастықтың, формалдық емес қарым-қатынастың идеясы бекітіледі. Қосымша білім берудің педагогі кеңес берушінің қызметін орындауда балаларға тұлғалық тұрғыда жиі және қатты әсер етеді. Осы жерде оның тұлғалық қасиеттеріне жоғары талаптар қойылады.

Баланы дамыту мақсатына жету үшін білім беру үдерісінде ұйымдастырудың жеке және ұжымдық түрлерін, оқытудың проблемалық түрлерін (жұптық әрекеттестік, шағын топтар, топтар арасындағы әрекеттестік) қолдану қажет. Оларды қолдану білім алушы мен педагог ұстанымдарын ауыстырады, олардың әрекеттестіктерінің субъект-субъектілік сипаттамаларын іске асыруға көмектеседі, қарым-қатынас жасаудың демократиялық стилін және педагог қызметінің ашық диалог және рефлексивті түрлерін күшейтеді.

Оқытудың жекелендіру мен дифференциациялау проблемаларын, өзін-өзі анықтау және тұлғаның өзін-өзі іске асыруды шешу жағдайында балаларға қосымша білім берудің мәні ұлғая түседі.

Қосымша білім беру педагогінің қағидалық ұстанымы – бала тәрбиелеу, бұл жағдайда пән мақсат емес, ол тұлғаның барлық қырларын: ой-өрісін, тәжірибелік ақылын, еңбексүйгіштікті, дене

дамуын және өзін-өзі жетілдіру, мінезі мен рухын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру құралы болып табылады.

Басқаша айтқанда, қосымша білім беру – баланың бай ішкі жан-дүниесіне еніп, оны түсіну және мүмкіндіктерін ұлғайту болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесіне тиісті технологияларды мектептің оқу үдерісіндегі сабақтарда қолдануға болады. Олар кешенді сабақтар, оқу жобалары, дискуссиялық технологиялар, ойындар, пәндік технологиялар болуы мүмкін. Олар әдеттегідей сабақтың шегінен шығатын оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жеке және топтық қызметін қарастырады. Сонымен қатар, мектеп сабақтары оқу сабақтарының аясында материалдың мазмұнын тереңдету мен кеңейту арқылы және сабақтан тыс қызметтеріндегі әртүрлі нысандарда мектеп сабақтарының бөлек элементтерін қолдану арқылы қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үдерісінде жалғасын табуы мүмкін.

Бір жағынан негізгі және қосымша білім беруді кіріктіруді дамыту мектептің әртүрлі мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарымен әрекеттесу қызметі болып табылады. Бұл оқушыларды көркемөнер, спорт, туристік-өлкетану және басқа қызметтерге тартудың өте жақсы мүмкіндігі. Әрекеттесу қызметі жұмыс жоспарын үйлестіруге, мектеп және қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіншіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Мектепте қосымша білім беруді ұйымдастыру кезеңдері

Егер мектепте бұрын қосымша білім беру блогы болмаған жағдайда, әкімшілік кезең-кезеңімен келесі талдамалық және ұйымдастырушылық қызметтерді жасауы керек.

1-кезең – талдамалық.

Осы кезеңдегі дайындық жұмыс келесіні қамтиды:

- мектептің мақсаты мен міндеттеріне мұқият талдау жасау. Балаларға қосымша білім берудің бағыттарын педагогикалық ұжымның мақсатына, бағытына, міндеттеріне, жоғары сыныптардағы бар немесе жоспарлаған бейінінің сипатына байланысты тандаған мақсатты болады;

- қосымша білім беру қызметтеріне балалардың және ата-аналардың сұранысын анықтау. Олардың қажеттіліктерін сауалнамалар, ауызша сұрау, ата-аналар жиналыстарында ұжымдық талқылау арқылы анықтау;

- мектептегі бар факультативтік курстарды, сонымен қатар жұмыс істейтін үйірмелерді, секцияларды анықтап, оларды балалардың және ата-аналардың сұраныстарымен салыстыру;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдары ұсынатын қосымша білім беру қызметтерін зерттеп, олармен біріккен жұмыстардың

түрлерін ойластыру;

- мұғалімдердің, ата-аналардың, жоғары сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетіне талдау жасау;

- мектептің материалдық-техникалық мүмкіндіктеріне баға беру;

- ғылыми және оқу-тәрбие жұмыстары бойынша директор орынбасарларының, қосымша білім беру педагогтерінің, сынып жетекшісінің, ұзартылған топтың тәрбиешісінің, тәлімгердің, қосымша білім беру әдіскерінің лауазымдық міндеттеріне талдау жасау;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдары бойынша негізгі құжаттарды (заңдар, қаулы, бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер), сонымен қатар республикалық және өңірлік деңгейдегі бағдарламалық құжаттарды оқып білу;

Алдын ала жасалған талдау қосымша білім беру қызметтеріне әлеуметтік тапсырыстар мен мектептің нақты мүмкіндіктері туралы түсінік береді.

2-кезең – жобалау.

Осы кезеңнің негізгі міндеті – мектепте қосымша білім берудің жалпы сызбасын дайындау. Оны дайындау үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек:

- мектепке қосымша білім берудің қандай бағыттары қажет және қандай шамада мақсаттары мен міндеттерін іске асырады;

- осылардың қандай бағыттарын және қандай формада мектеп базасында, қандайын балаларға мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының базасында іске асыру қажет;

- қайсысын педагогтердің, шақырылған мамандардың, ата-аналардың, жоғары сынып оқушыларының көмектері арқылы іске асыруға болады;

- балаларға қосымша білім беру саласында мектептің негізгі материалдық-техникалық базасын қандай шамада қолдануға болады;

- не арқылы оны дамытып, жетілдіруге болады;

- бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды қосымша білім беру бағыттары мен формаларында қалай қалыптасуды үйретуге болады;

- білім алушылардың сұраныстарына сәйкес қосымша білім беру арқылы қандай кәсіби деңгейге дейінгі немесе кәсіптік бейімделу жұмыстарын ұйымдастыруға болады.

Осы сұрақтарға жауап бергеннен кейін, мектептегі сабақ кестесі мен тәрбие жұмыстарының жоспарын байланыстырып, қосымша білім беру блогының жұмыс кестесін құру.

3-кезең – мектепті қосымша білім берудің ұйымдастырушылық және бағдарламалық-әдістемелікпен қамтамасыз ету.

Жобалау кестесі іске аспай тұрып үйірмелердің, студиялардың, секциялардың, клубтардың жұмыстары ұйымдастырушылық және бағдарламалық-әдістемелік қолдау алу керек. Біріншіден, ол үшін

мектеп жарғысына қосымша білім беру блогын ұйымдастыру жөнінде бап енгізу керек.

Бұл бап әр мектепте іске асырылатын қосымша білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны мен түрі анықталғыш бағыты бар аса маңызды жеке сипаты болады. Сонымен қатар, тұжырымында бірнеше міндетті жағдайларды айқындау қажет:

- білім беру ұйымдары қандай мақсатпен қосымша білім беру бағдарламаларын (тұлғаның жан-жақты дамуы, өздігінен білім алуда балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқытуда бейіндікті қамтамасыз ету және т.б.);

- мектептерде балаларға қосымша білім беру қандай бағыттарда жүзеге асырылады;

- оның мазмұны қандай бағдарламалардың (үлгілік, модификацияланған, авторлық) түрлерімен анықталады;

- балалар бірлестіктерде (үйірмелер, клубтар, студиялар, секциялар т.с.с.) қосымша білім беру аясында білім беру үдерістері қандай нысанда іске асырылады;

- қосымша білім бағдарламалары бойынша кім білім алады;

- педагогикалық қызметтерге осы бағдарламаларды іске асыру үшін кім жіберіледі;

- мектепте балаларға қосымша білім беру қандай негізде (ақылы, тегін, аралас) іске асырылады?

Бапты тұжырымдау неғұрлым кәсіби тұрғыда болуы үшін, оны дайындағанда мақсатты нормативтік құқықтық құжаттарды қолдану.

Екіншіден, мектепте қосымша білім берудің блогы туралы Ереже дайындау.

Үшіншіден, мектеп бір немесе бірнеше арнайы ұйымдармен – балалар шығармашылық орталығымен (үйлерімен), балалар спорт мектептерімен, мұражайлармен, кітапханалармен тағы с.с. әрекеттесу туралы шарт жасау;

Төртіншіден, қосымша білім беру блогында жұмыс істейтін барлық педагог қызметкерлерге лауазымдық нұсқаулар дайындау.

Сонымен қатар, лауазымдық нұсқаулар олардың мақсаттарын, қызметтерін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершіліктерін белгілейді және келесі жағдайларда қажет:

- мектептегі қызметкердің мәртебесі мен жұмысының көлемін анықтау қажет;

- оның кәсіби міндеттерін көрсеткенде, белгісіздікті жою және қызметтердің шеңберіне шек қою.

Білім беру үдерісін ұйымдастыру

Қосымша білім беру блогының жұмысы жылдық және жоспарлардың басқа түрлерімен, мектеп директоры немесе оның қосымша білім жөніндегі орынбасары бекіткен қосымша білім беру

бағдарламалары және жоспарлары негізінде іске асырылады.

Қосымша білім беру блогында оқу жылы 15 қыркүйекте басталады және ағымдағы жылғы 25 мамырда аяқталады. Жазғы каникул кезінде білім беру үдерісін (білім беру бағдарламаларында қарастырылған жағдайда) жорық, жиындар, плэнерлер, экспедициялар, түрлі бағыттардағы лагерлерде және тағы с.с. жалғастыруы мүмкін. Осы кезеңде білім алушылардың құрамы өзгермелі болуы мүмкін. Көп күндік жорықтарға шыққан жағдайда педагогтің жүктемесін көбейтуге рұқсат етіледі.

Балаларға қосымша білім беру бірлестіктеріндегі сабақ кестесі балалардың және жасөспірімдердің міндетті оқу жұмыстарына қосымша жүктеме болып табылатынын ескере отырып құрастырылады.

Осыған байланысты, әрбір баланы бірлестікке қабылдағанда, денсаулығының жағдайы туралы анықтаманы және таңдаған бейіні бойынша қосымша білім беру топтарында оқуға мүмкіндіктері туралы дәрігерден қорытындысын көрсетуі қажет.

Сабақ кестесі оқу жылының басында білім алушылардың ең қолайлы еңбек және демалыс тәртіптерін ескере отырып, педагог қызметкерлердің ұсынысы бойынша әкімшілік құрастырады. Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді. Сабақтарды ауыстыру немесе сабақ кестесін өзгерту қосымша білім беру блогы бойынша әкімшілік келісімі бойынша жасалады және құжатпен ресімделеді. Мектептегі каникул кезінде сабақтар арнайы кесте бойынша өткізіледі.

Балалар бірлестігінің тізімдік құрамы:

- бірінші оқу жылы - 12-15 адам;
- екінші оқу жылы- 10-12 адам;
- үшінші және оқытудың кейінгі жылдары - 8-10 адам;

Оқу-зерттеу қызметіндегі балалардың тізімдік құрамы 8 адам (мұндай топтарда білім алушылардың саны, оқу топтарына қарағанда аздау, 4-8 адам; сабақтар 2-4 адамнан тұратын топтарда өткізілуі мүмкін).

Қосымша білім беру блогында қалалық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысатын балалармен жеке жұмыс жасау қарастырылған (аптасына 2-ден 6 сағатқа дейін).

Жыл бойы сабаққа қатысуы төмендеген жағдайда, топтарды біріктіруге немесе таратуға болады. Бұл жағдайда артылған қаражат балалардың жаңа бірлестіктерін ашуға жұмсалады.

Аптадағы сабақтардың ұзақтығы мен саны қосымша білім беру педагогінің білім бағдарламаларымен, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарындағы балалардың қызметтерінің тәртібі мен талаптарына сәйкес анықталады.

Сабақтарда компьютерлік техникаларды пайдалану Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болуы керек.

Бағдарламаға сәйкес педагогке білім беру қызметіндегі әртүрлі нысандарды: аудиториядағы сабақтар, дәрістер, семинарлар, жаттықтыру сабақтары, экскурсиялар, концерттер, көрмелер, экспедициялар және т.б. пайдалануға болады. Сабақтар бүкіл топпен, сондай-ақ 3-5 адамнан тұратын топтарда немесе жеке өткізуге болады.

Педагог өз бетінше баға қою жүйесін тандауға, білім алушыларды аттестаттауға құқылы. Тест, сауалнама, сынақ, сұхбаттасу, баяндама, реферат, олимпиада, байқау, көрме, конференция, концерт, басылым және т.б.

Білім алушыларды балалар бірлестіктеріне бағдарламада қарастырылған мерзімге қабылдайды. Мектеп жарғысын, Ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайда білім алушыларды бірлестіктен шығарады. Білім алушы наукастанған жағдайда немесе шипажайлық-курорттық емдеуде болғанда, бірлестікте орны сақталады.

Оқушылардың қызметтері бірдей жастағы және қызығушылықтары бойынша әртүрлі бірлестіктерде (оқу тобы, клуб, студия, ансамбль, театр және т.б.) іске асырылады. Бірлестіктің жұмысына тізімдік құрамына кірмесе де, педагогпен келісіп, ата-аналарға да қатысуға болады.

Әрбір білім алушы бір уақытта болатын әртүрлі бағыттағы бірлестіктерде оқуға, сонымен қатар оқытудың бағытын өзгертуге құқығы бар.

Балаларға қосымша білім беру бірлестіктеріндегі білім беру үдерісінің мазмұны.

Қосымша білім беру жүйесінде көркем-эстетикалық, экология-биологиялық, тарихи-өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық, дене шынықтыру – сауықтыру және т.б. бағыттардағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылады.

Бірлестіктерде сабақтарды бір тақырыптық немесе кешенді (біріктірілген) бағдарламалар бойынша өткізуге болады.

Кешенді білім бағдарламаларын іске асыру үшін 2 немесе одан көп педагогті тартуға болады, оқу жүктемесі қосымша білім беру бағдарламасында көрсетіледі.

Педагог бағдарламаның Түсінік хатында көрсетілген білім беру міндеттерін, психологиялық-педагогикалық мақсаттылығын, санитарлық-гигиеналық нормаларды айқындайтын қосымша білім беру бағдарламасының мазмұны, оны іске асыру, әдісі мен формасы, бірлестіктің санын және жас ерекшеліктерінің құрамын өзі анықтайды.

Педагог қызметкерлер өздері дайындаған білім бағдарламаларын пайдалануға немесе мектеп директоры бекіткен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының бағдарламаларын қолдануына болады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ұйымдастырылған білім беру үдерісі келесі талаптарға сәйкес болу керек:

дамытушылық сипаттың болуы, яғни балалардың табиғи қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға бағытталған (білім беру үдерісінде білім алушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейі өзіндік мақсаты, балалардың тұлғалық көп қырлы дамуы мен қабілеттеріне сәйкес жетістіктері);

формалары бойынша әртүрлі болуы (топтық және жеке, теориялық және практикалық, орындаушылық және шығармашылық сабақтар), сонымен қатар мазмұны бойынша (балалардың жалпы және арнайы қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды);

қосымша білім беру бағдарламаларының алуан түрлілігі — жобалық, модификацияланған, авторлық бағдарламаларына негізделуі; олардың бәрі білім алушының дене және психикалық денсаулығына зиян келтірмеуі үшін білім беру үдерісіне енгізбестен бұрын әдістемелік немесе педагогикалық кеңесте қарастырылуы;

балаларды оқытудың дамыту әдістеріне негізделуі; қосымша білім беру педагогіне пәндік салада сабақ беретін білімі жеткіліксіз: балаларға қосымша білім беруден оқытудың дамыту жүйесіне ауысуы әр оқытушыдан өз жұмысында психологиялық және дидактикалық принциптерді және балалардың қабілеттерін дамыту әдістерін, олардың жеке басының өсуіне ептілігін пайдалануды талап етеді;

әртүрлі қызығушылықтары мен проблемалары бар балаларға жүрегіне жақын іспен айналысу үшін балалардың мүдделері мен уәждемелерінің диагностикасын пайдалану.

Мектеп оқушыларының сабақтан тыс қызметі тиімділігінің диагностикасы

Диагностиканың мақсаты – оқушылар айналысатын сабақтан тыс қызмет түрлері тәрбиелеуіш болып табыла ма және қандай деңгейде дегенді анықтау. Бұл сабақтан тыс салада кездесетін барынша өткір мәселелерді анықтау және шешу үшін, тәрбиелеудің оң тәжірибесін сараптау, жалпылау және тарату үшін жасалады.

Диагностика мәні не болуы тиіс, тәрбиелеу тиімділігін бағалау үшін нақты нені зерттеу керек? Бұл сұраққа жауап беру үшін тағы бір мәрте тәрбиелеудің анықтамасына жүгінейік.

Тәрбиелеу – жағымды жағдайлар жасау арқылы бала тұлғасын дамыту үрдісін басқару. Тиісінше диагностика да оқушы тұлғасын және сабақтан тыс қызметте жасалатын тұлғаны дамыту жағдайларын зерттеуге бағытталуы тиіс. Осыдан келіп диагностиканың үш негізгі мәнін бөліп қарауға болады.

Бірінші диагностика мәні – бұл тәрбиеленушінің өз тұлғасы

Оқушы тұлғасын дамыту қандай бағыттарда жүреді? Ол қандай құндылықтарға бағыт алған? Тәрбиелеу үрдісінде балада қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген қандай қарым-қатынастар қалыптасады?

Мектеп оқушысы тұлғасында болып жатқан өзгерістерді түрлі тәсілдер арқылы білуге болады. Бұл мектеп оқушыларының күнделікті өміріндегі, арнайы жасалатын педагогикалық жағдайлардағы; оқушыны адами қарым-қатынастардың күрделі әлеміне апаратын рөлдік, іскерлік, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік ойындардағы, педагогтер ұйымдастыратын өзекті мәселелер бойынша топтық пікірталастардағы жүріс-тұрысын және эмоционалды-адамгершілік жағдайын бақылау болуы мүмкін. Бұл оқушының жазбаша жұмысына: күнделіктеріне, шығармаларына, эсселеріне, мектеп газеттеріндегі мақалаларына талдау жүргізу және т.б. болуы мүмкін.

Диагностиканың үшінші мәні – балалар ұжымы оқушы тұлғасын дамытудың аса маңызды жағдайларының бірі ретінде

Мектептерде сабақтан тыс қызмет дәстүрлі түрде ең алдымен ұжымда ұйымдастырылады: үйірме сыныбында, спорт секциясында, балалардың қоғамдық бірлестігінде және т.б.

Қазіргі заманғы бала тұлға ретінде бірнеше түрлі – қызмет сипаты бойынша, оларға балалардың ену тәсілі бойынша, осы ұжымдарда олардың іске асыратын рөлдерінің сипаттамасы бойынша және оларда балалардың болу ұзақтығы бойынша әртүрлі ұжымдарда дамиды. Ұжымның оқушыға әсері көп аспектілі: өздерінің бір қасиеттері есебінен ол тұлғаны бір сарынға түсіру, оны орташалау үрдісін тудыруы мүмкін, ал екінші қасиеттер есебінен ол оқушының бірегейлігін, оның шығармашылық әлеуетін дамытуы мүмкін.

Сол себепті балалар ұжымының даму деңгейін зерттеу маңызды (А.Н. Лутошкиннің «Біздің ұжымымыз қандай?» диагностикалық әдістемесі). Мектеп оқушыларының өзара қызмет сипатын диагностикалау үшін социометрия әдістемесін қолданған тиімді.

Диагностиканың үшінші мәні – бұл педагогтің кәсіби ұстанымы, оқушы тұлғасын дамытудың тағы бір аса маңызды шарты

Ұстаным бұл – сана мен адамның қызметінің бірлігі, бұл жерде қызмет оның базалық құндылықтарын жүзеге асыру амалдарының бірі ретінде қатысады.

Осыған орай мынаны анықтау маңызды: тәрбие педагогтің саналы түрде таңдап алған қызметі болып табыла ма (немесе педагог өзіне біреумен жүктелген міндеттерді орындай ма); педагогтерде қандай кәсіби құндылықтар қалыптасқан (немесе ондай құндылықтар мүлдем жоқ, және педагог өзінің жұмысын немқұрайлы атқара ма)?

Сол сияқты педагогтік ұстанымның сипаты да жоғары маңызға ие. Тәрбие берушінің бойында гуманистік немесе авторитарлы педагогикалық ұстаным қалыптасқан ба, ол тәрбиеленушінің өзін-өзі басқаруын бағамдай ма немесе оны өз ойларын іске асыру үшін

қарастыра ма? Бұл жерде педагогтің тәрбиеші ретіндегі кәсіби ұстанымының диагностика әдісін қолдануға болады.

Сабақтан тыс қызметтегі нәтижелер мен формалардың өзара байланыстарын, оның диагностикасын түсіну педагогтерге мүмкіндік береді:

сабақтан тыс қызметте нәтижелер туралы айқын көріністері бар білім бағдарламасын әзірлеуге;

белгілі бір деңгейде нәтижеге қол жеткізуге кепіл болаты сабақтан тыс қызмет үлгілерін іріктеп алуға;

нәтижелердің бір деңгейінен келесі деңгейіне ауысу логикасын құруға;

сабақтан тыс қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін диагностикалауға;

сабақтан тыс қызмет бағдарламасының сапасын бағалауға (қандай нәтижеге таласады, таңдап алынған үлгілер болжанған нәтижелерге сәйкес келе ме т.б.).

Соның арқасында, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру түрінің біреуін мектепте жүзеге асырудың нәтижесінде тәрбие беру жүйесінің тиімділігі мен оқушылардың әлеуметтенуі арта түсуі мүмкін, сондай-ақ, мектеп өміріне айырықша үлес қосуға жағдай туады.

Мектептегі сабақтан тыс қызметтің елеулі сипаттамалары мыналар:

оқушылардың білім алу мұқтаждықтарына ата-аналардың, қоғамның, мемлекеттің бағдарлануы;

құндылықтарды баланың өзінің әрекеті арқылы қабылдауы, мұғалімдер мен тәрбиешілердің, ата-аналардың, қатарластарының және басқа да ол үшін маңызды адамдардың педагогикалық ұйымдасқан ықпалдастығы;

базалық құндылықтардың әртүрлі көздерін пайдалану (оқу материалдарының мазмұны, фольклор, көркем әдебиет, фильмдер және т.б.);

жалпы білім беретін мектептерде басым рөлге ие тәрбие беру мен әлеуметтенудің әртүрлі субъектілері қызметтерінің бірлігі;

балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде орталық тәсілді іске асыру.

Көп қырлы қызмет түрлері енгізілген және айналадағы өмірде жағымды қарым-қатынас жүйесіне қосылған баланың өмірі материалдық және рухани құндылықтар жинақтауға әсер етеді. Бұл ретте ол тұтынушыдан материалдық және рухани игіліктер өндірушіге біртіндеп өтуге ықпал етеді, ал ол өз кезегінде тұлғаның әлеуметтенуінің өзегі, даму мен адамның өсуінің көрсеткіші.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша «Сабақтан кейінгі мектеп» республикалық жобасы

Сабақтан тыс қызмет – оқушылар мен ересектердің ерікті, мақсаттылықты ұғыну, харекетшіл және шығармашыл тіршілік әрекетінің үдерісі.

Сабақтан тыс жұмыс – мектептің оқу-тәрбие үдерісінің құрылымдық бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру түрлерінің бірі. Сабақтан тыс (сыныптан тыс) жұмыстың бағыттары, түрлері және әдістері балаларға қосымша білім берудің бағыттары, түрлері және әдістерімен тәжірибелі түрде сәйкес келеді.

Ағымдағы жағдай

Мектептегі қосымша білім беру жүйесі айтарлықтай дамымаған. Мектептегі сабақтан тыс жұмыс жаңашылдықты, жаңа түрлерді, үйірмелер, клубтар, студиялар, элективті курстар, мектептегі ғылыми ұйымдардың бағдарламаларының жаңаруын талап етеді.

Жобаның идеясы:

Әрбір мектепте білім беру үдерісінің көпшілік қатысушыларының қызығушылықтарына жауап беретін мектептен тыс орта құру. Білім алушылар мектепке тек пәндік сабақтарға ғана емес, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта өткізілетін сабақтарға да бару керек.

Жобаның мақсаты:

Сабақ, сабақтан тыс, мектептен тыс қызмет пен білім мен жанұяны ұйымдастырудағы бірлескен педагогикалық жұмыс бірлігі білім алушылардың рухани-адамгершілігін дамытуды қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Жобаның міндеттері:

қосымша білім берудің таңдаулы саласында тұлғаның шығармашылық өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі іске асыруға бағытталған оңтайлы әлеуметтік-педагогикалық, тәрбиелік орта құру;

ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптасуына бағытталған қосымша білім беруді сапалы алу үшін қажетті жағдай жасау;

тұлғаның шығармашылық, рухани, физикалық мүмкіндіктерін дамыту, және олардың қабілеттерін іске асыру;

тұлғаны белсенді азаматтық ұстаным, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатысу қажеттіліктігін қалыптастыру, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне қатынасын ұғынуға тәрбиелеу;

формалды емес тілдесу, қарым-қатынас және ынтымақтастық тәжірибесін дамыту;

мектептегі қосымша білім беру жүйесінде әр түрлі оқу бірлестіктеріне қосу есебінде білім алушылардың ұстанымын меңгеруге көмек көрсету.

Жобаны іске асырудың механизмдері:

1) мемлекеттік жалпы міндетті бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру стандарттарына: «Білім алушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру» бөлімімен толықтыру қажет;

2) жалпы орта білім беру ұйымдарында қосымша білім берудің бағдарламасы бойынша сабақтан тыс уақыттағы сабақ үшін аптасына 4 академиялық сағат қарастырылған. Қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдарында аптасына 6 академиялық сағат қарастырылған;

3) сабақтан тыс уақытта қосымша білім беру пәндік білімді кеңейтеді, жаңа компоненттерді қосады, тұлға білімін көбейтеді, таным, еңбек және тілдесудің жаңа құралдарын жаратқандырады, балалардың әлеуметтік-мәдени және білім беру қажеттіліктері есебімен білім беру қызметінің уәждемесін күшейтеді;

4) білім алушылардың мектептен тыс қызметін ұйымдастыруда мектептің, балаларға қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдары және мідениет пен спорт ұйымдары қолданылады;

5) әрбір мектеп өздігінен оқушылардың қызығушылығын, ата-аналар мен педагогтердің қалауларын есепке ала отырып балалармен жұмыс істеудің бағытын таңдайды;

6) сабақтан тыс сабақтардың түрлерін таңдау білім алушылардың қажеттіліктеріне, педагогикалық кадрлардың құрамына, педагогтердің жеке мінез-құлқы мен кәсіби дайындығына, біріккен қызметтің мақсаты мен мазмұнына, мектеп пен қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдарының материалдық-техникалық базасына және т.б. байланысты;

7) іс-шараның тиімді түрлеріне мерекелер, фестивальдар, байқаулар, акциялар, біріккен жобалар, ұжымдық-шығармашылық жұмыстар, тренингтер, экспедициялар, табиғатты қорғайтын іс-шаралар және т.б. болуы қажет.

8) мектептегі қосымша білім беру оқушыға жаңа достар табуға, жағдайды өзгерту мен тілдесу ортасын табуға көмектеседі. Бос уақытты пайдалы істерге кетеді, ал табыстарға қол жеткізгенде баланың өз-өзіне деген бағасы жоғарылайды және тағы да үлкен жеңістерге қол жеткізуге ықыласы ашылады;

9) бала дамуының негізгі тұлғалық параметрлері – оның жалпы адами құндылықтарға, гуманизм, парасаттылық, креативтілік, белсенділік, жеке намыс сезімі, пікір айтудағы тәуелсіздікке бағдары. Осы қасиеттерді дамыту деңгейі қалыптасқан әлеуметтік құзыреттілік

пен тұлғаның әлеуметтік қалыптасуының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады.

Жобаны іске асырудың қадамдары:

ҚР БҒМ:

1. МЖМББС бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру бөлімдеріне «**Білім алушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру**» толықтыру;

2. Вариативтік және мектеп компоненттері есебінде мектепте сабақтан тыс уақытта қосымша білім беру бағдарламалары бойынша – аптасына – 4 академиялық сағат, мектептен тыс ұйымдарда – 6 сағат қарастыру;

Білім беру ұйымдарына:

1. Мектептен тыс қызмет бағдарламаларының тізімін құру
2. Мектептен тыс сабақтар өткізу үшін кадрлар іріктеу
3. Мектептен тыс қызметтің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу
4. Материалдық-техникалық жабдықтауды бекіту
5. Ата-аналарды мектептен тыс қызмет жүйесі туралы ақпараттандыру

6. Білім алушылардың мектептен тыс қызметінің сабақ кестесін құру

Күтілетін нәтижелер:

- мектептен тыс қызмет жүйесінде өзін-өзі анықтау үдерісіндегі әрбір оқушының даралығын дамыту;

- оқушылар әлеуметтік норма, әлеуметтік шынайылық пен күнделікті өмірді түсінуге иелену;

- оқушыларды қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, жанұя, отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) позитивті қарым-қатынас және жалпы әлеуметтік шынайылыққа құнды қарым-қатынас қалыптастыру;

- өз мектебіне, кіші отанына, еліне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

- оқушылардан өз бетінше әлеуметтік қызмет тәжірибесін алу;

- оқушылардың коммуникативтік, этикалық, әлеуметтік, азаматтық құзыреттіліктерін қалыптастыру;

- балаларда әлеуметтік-мәдени ұқсастықты қалыптастыру: этникалық, мәдени және т.б.;

- балаларда төзімділікті, салауатты өмір салты дағдыларын тәрбиелеу;

- азаматтылық пен патриоттылық сезімін, құқықтық мәдениет, кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру;

- білім алушылардың жетістіктері қоғамдағы өмірге қажетті әлеуметтік тәжірибе және ондағы қоғам қабылдайтын құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- ұйымдасқан бос уақытты қамтитын бала санының өсуі;
- қосымша білім берумен қамтылған бала санының өсуі;

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру тәжірибесі білім беру ұйымындағы тәрбие жүйесінің компоненті

Алматы қ. № 83 көп салалы мектеп-гимназияның сабақтан тыс жұмысын ұйымдастыру

Тәрбие жүйесі – үнемі дамиды. Дамудың заңды үдерісі көп нұсқаға ие болуы мүмкін, соның бірі біз көрсетіп отырған тәжірибе.

Қоғамның жылдам даму қарқыны мектепке қойылатын талаптың өзгеруіне әкелді. Олар оқушыларға пән бойынша білім беріп қана қоймай, әр баланың өз қабілетін көрсетуге, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, жылдам өзгеріп жатқан өмір талабына тез бейімделуге мүмкіндік беруі керек. Осының бәрі тұлғаның дамуына, мектеп түлектерінің мобилділігін арттыру және бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбие құралдарын, үдерісті ұйымдастырудың түрлерін шарттайды.

Оқу және білім беру қызметтерін ықпалдастыру бойынша мектеп жұмысын жетілдіру бағыттарының ішінде № 83 гимназиясы педагогикалық ұжымының көрсетіп отырған тәжірибесі мектептен тыс танымдық қызметінің нәтижесі болып табылады.

Көп салалы мектеп 1999 жылы № 83 орта білім беру мектебі мен № 4 балалар музыка мектебінің қосылуы арқылы дүниеге келген. Сараптамадан сәтті өткеннен кейін, Алматы қаласы Әкімінің шешімімен «№ 83 көп салалы өнер мектеп-гимназиясы» мәртебесін алды. Қазіргі кезде 62 сыныпта 1748 білім алушы оқып, 196 педагог жұмыс істейді.

Гимназияны Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалімен және Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгісімен марапатталған ұстаз Солодникова Любовь Витальевна басқарады.





2013 жылы гимназия Алматы қаласының Әкімі ұйымдастырған «Ең үздік білім беру ұйымы» атты байқауын бас жүлдесін жеңіп алды.

Мектеп әкімшілігі және педагогикалық ұжымы негізгі және қосымша білім беруді ықпалдастыруды қамтамасыз етеді. Мектеп кестесі оқытатын, дамытатын, тәрбиелейтін және

сауықтыратын үдерістерді бір қызмет кешеніне біріктіретін білім беру кеңістігін қалыптастыруға жағдай жасайды,

Гимназияның сабақтан тыс қызметі балалардың дамуына бағытталған кең спектрлі сабақты ұсынатын жолы білім алушылардың жеке қажеттіліктерін іске асыруға бағытталған.

Жалпы білім беру бағдарламаларымен өнер пәндерін тереңдетіп оқытатын: музыка, бейнелеу өнері, хореография, театр бөлімдері бойынша қосымша білім бағдарламалары жүзеге асырылады.

Пәндерді тереңдетіп оқыту үшін сағаттар бөлінген:

білім алушылардың таңдауы бойынша факультатив пен қосымша курстарды ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есебінен;

үйірмелер, студиялар, ғылыми қоғамдарды ұйымдастыру үшін және мұғалімнің 0,25 жүктемесі әр сыныпқа;

жоғарғы санатты мамандардың келісім-шарт негізінде жеке дәрістері мен курстарының мектеп басына шаққандағы жылына 1500 сағаттық жұмысын төлеуге.

Оқушылар компоненті тұлға бағдарын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру түрлерін іске асыруға бағытталған. Оған жеке, топтық кеңестер, өнер пәндері бойынша жеке сабақтар, сауықтыру сипатындағы сабақтар жатады.

Оқушы компоненті есебінен білім беру саласының негізгі бейінді курстары бойынша «Өнер» (музыкалық-хорлық, бейнелеу өнері, хореографиялық, театрлық) сабақтары өткізіледі.

Оқушы компонентінің сағаттары келесі тәртіпте бөлінген:

сабақтан тыс қызметтің жеке формалары (музыкалық аспаптарда ойнау және т.б.);

сабақтан тыс қызметтің топтық формалары (мүсін және т.б.) ;

білім алушылармен өздік оқыту бағдарламаларын орындау;

Гимназиялық компонент білім алушылардың арнаулы (бейінді)



білімдерін тереңдетуге, жалпы және көркем-эстетикалық эрудицияларын кеңейтуге, олардың орындаушылық, коммуникативтік, әртістік қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Гимназиялық компонент бейнелеу өнерінің тарихы, ұжымдық музыкада ойнау (хор, ансамбль, оркестр), қазақ музыка әдебиеті, классикалық би, халықтық-сахналық би, бал биі, замани би курстары көрсетілген.


1 және 2-сыныптарда гимназиялық компонент сағаттары есебінен келесі курстар өткізіледі: «Логикалық және дамытушы ойындар», ««Біздің үй» атты экологиялық-экономикалық ықпалдасқан курс».

1-2-сыныптарда гимназиялық компонент сағаттары есебінен қазақ тілінде мынадай курстар өткізіледі: «Сауат ашу курсы», «Көркем жазу курсы».

Гимназиялық компонент өнер пәндерін тереңдетіп оқытуды қарастырады.

9-сыныптарда гимназиялық компонент есебінен арнайы курстар өткізіледі.

№ 83 мектеп-гимназиясында үздіксіз білім беру принциптері жүзеге асырылады. Бейінді оқыту кафедрасының моделі:



Шығармашылығы жағынан өте дарынды оқушыларды дамытуға арналған	Шығармашылығы жағынан орташа дарынды оқушылардың көпшілігін дамытуға арналған	«В» деңгейінің көлеміне сәйкес, бірақ талап деңгейі жеңілдетілген (білім беру минимумы)
Нәтиже		
болашақ мамандықты	өзін таныту мүмкіндігі	өзін дамытуға арналған әлеует
– көтеріңкі талаптар, – білім, білік, дағдының көтеріңкі талаптары	білім, білік дағдысының жақсы деңгейі	Білім-білік дағдысының жалпы деңгейі
кәсіби шеберліктің жоғарғы деңгейінде көркемдік және орындаушылық дағдыларды өнімді және біртұтас меңгеру	жақсы деңгейде қажетті дағдылар кешенін меңгеру	эстетикалық тәрбиенің анықталған деңгейін меңгерген, жақсы дайындалған өнер бағалаушылары
тапсырманы орындауда өздік, шығармашылық ынта	жеке шығармашылық мүмкіндіктердің табысты дамуы	өнермен тілдесудегі ішкі қажеттілігі
басқа оқушылардың кәсіби даму жағынан озық болуы, мамандық ретінде өнерді таңдау перспективасы	музыкалық және көркемдік талғамның дамуы	өнер саласының түрлі мәселелерін анықтай алу

Гимназияның педагогикалық ұжымы қызметінің нәтижелері: 400-ден астам оқушы қалалық, 144-тен астамы республикалық, ал 97 оқушы халықаралық байқаулардың, фестивальдердің және көрмелердің лауреаттары атанды.

Тек 2014-2015 оқу жылы гимназия оқушылары жүзден аса аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысты.

№ 83 көп салалы мектеп-гимназияның жұмыс тәжірибесін объективті бағалай отырып, негізгі және балаларға қосымша білім

берудің ықпалдасқан ерекше бейнесі, мектептердің негізгі құрылымын ұйымдастыру және мазмұнды бірлігі.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 09.07.2010 ж. № 367 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (2.3.4.01-2010: бастауыш, негізгі, орта, жалпы білім беру) айтылған: «Білім берудің қажетті деңгейіндегі вариативті компонент мектеп және оқушы компонентінен тұрады. Білім беру мазмұнының вариативті бөлімі нақты бір орта білім беретін ұйымның өзіндік ерекшелігін көрсетеді; вариативті бөлім бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу пәндерінің мемлекеттік стандарттан тыс қосымша бағдарламаларды жүзеге асыру мен ұйымдастыруға бағытталған».

Қазіргі уақытта тек қана оқу процесіне сүйенуге болмайтыны анықталып отыр. Оның білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз етудегі тиімділігі шексіз, әсіресе сынып-сабақ жүйесінде. Мектеп қабырғасындағы білім берудің екі түрінің органикалық сабақтастығы ғана жалпы алғанда жеке баланың да, білім беру ұйымының да дамуына көмектеседі.



Астана қаласы Сырбай Мәуленов атындағы № 37 орта мектебінің тәрбие жүйесіндегі сабақтан тыс қызмет моделі



Тәрбиелеу жүйесіндегі мектептен тыс қызметтің жүйелеуші факторы Астана қ. Сырбай Мәуленов атындағы № 37 орта мектептің білім алушыларында жоғары патриоттық және азаматтық сана сезімді қалыптастыру мақсаты бар «Мәдени мұра» бағдарламасы болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бағыттары бойынша қызметтің мазмұны «халық педагогикасы», «қазақстандық патриотизм», «рухани мәдениет» ұғымдарын қалыптастыратын адами құндылықтарға негізделген.

«Мәдени мұра» бағдарламасы 2005 ж. Тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасары Байбекова Сәуле Оразбекқызы мен әлеуметтік педагог Жүсіпова Гүлжамиль Ілиясқызы әзірледі.

«Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы «Тұлғаны тәрбиелеудегі синхрондық-модульдық артылудың тәрбие бағдарламасы» бағдарламасын қорғау 2006 ж. Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ оқу кеңесі құрылған.

2006 ж. бағдарлама авторлары «Астана қ. білім беру жүйесінің жетістектері көрмесі» қалалық байқауында қатысты және ІІ-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы мына бағыттар бойынша іске асырылады:

1. «Халықтар дәстүрі» бағыты бастауыштағы білім алушылар үйірмесінің жұмысы көрсетілген халық ойындары, отбасы және халық дәстүрлерімен танысады, «Наурыз», «Масленица» мейрамдарын, «Халқын сүйген, салтын сүйер», «Ата салты – тәрбие көзі», «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» және т.б. байқауларды өткізуге қатысады.

Кіші жастағы оқушылардың сабақтан тыс қызметі бағдарламасын таңдауда, педагогикалық ұжым оның жас ерекшеліктерін есепке алады. Мектептің бастауыш сыныптарындағы сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың бағдарлары ата-аналар сауалдары, мектеп қызметінің басым бағыттары, педагогтердің қызығушылықтары мен икемділіктері, психолог ұсыныстары бала қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің түрі ретінде.

2. «Кітап – ой мен білімнің көзі» бағытының негізгі мақсаты білім алушыларды көркем әдебиет құралдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады. Мектеп Ұлттық кітапхана, Президенттің мәдени орталық кітапханасы, Гайдар ат. балалар кітапханасы, С. Сейфуллин атындағы мұражаймен тығыз қарым-қатынаста. Кітапхана сабақтарында білім алушылар «Бабалар сөзі» шығарылған кітаптар топтамасымен, ақындар мен жазушылар шығармашылығы бойынша көрмелермен танысады. Жыл сайын мектепте «Кітап – ғасыр мұрасы» кітаптар мерекесі, «Кітапхана – барлық ақпарат көзі», «Бабалар сөзі» оқырмандар конференциялары, «Кітап – ұстаз, кітап - тәлімгер», «Кітап сенің бар болғанына рахмет», «Кітап бір ұрпақтан келесі ұрпаққа мұрасы» сынып сағаттары, әдеби кештер мен әдеби таңертеңгіліктер өткізіледі.

3. «Жібек Жолының тарихы мен Қазақстанның көне қалалары» бағдарламасының өзектілігі қазіргі уақытта білім алушылардың туған өлкені танып-білуге деген қызығушылықтарының жоғары екендігі байқалады. Мектепте өлкетануды оқу адамгершілік, эстетикалық, еңбек, саяси тәрбиелеуде маңызды педагогикалық рөлді атқарады және мектептің оқу және тәрбие қызметі арасындағы біріктіруші түйін болып табылады және пәнаралық байланысты

камтамасыз етеді. «Жібек жолы» клубының жұмысында экскурсия, жорықтар сияқты сабақтан тыс қызмет формалары қолданылады.

4. «Ата-балардың тарихи мұрасы. Ескерткіштер» бағытының мақсаты азаматтық тұлғасын және ел патриотын қалыптастыру, білім алушыларда азаматтылық пен патриоттылықты қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады. Аталған бағыт мектепте оқу пәндері, пәндік үйірмелер, шығармашылық кештер, тарихи, мәдени-этнографиялық тақырыптар арқылы жүзеге асырылады, өнер қайраткерлерімен кездесу және сабақ-экскурсиялар Тұңғыш Президент мұражайы, Президенттің мәдени орталығы, АЛЖИР саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражай-мемориалдық кешенінде өткізіледі.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті мұражайымен Украинадағы Қазақстан жылына арналған «Екі ел мен екі халық диалогы» тақырыбында «Достық көпірі», ҚР ғарышкері Т.О. Әубәкіровпен, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізілді.

5. «Өз елінің патриоты» бағытының мақсаты білім алушылардың азаматтық және патриоттық тәрбиесіне бағытталған іс-шаралардың тиімді жүйесін әзірлеу болып табылады. «Отанына берілген ұлдар» әскери-патриоттық мерекесі, Республикалық Ұлан сарбаздарымен кездесулер, «Жарқыл» әскери-патриоттық ойыны, Азаматтық қорғаныс күні, сап және әндер байқауы, балалар ұйымына қабылдауға арналған салтанатты сапқа тұру, «Ер дәрежесіне көтеру» сынып сағаттары, сұхбаттар, викториналар, интеллектуалдық-танымдық ойындар, «Біздің ту – біздің абыройымыз», «Біздің ту жоғары, біздің ту керемет», «Олар ел әнұранын жазды», «Менің елімнің рәміздері» байқаулары білім алушылардың сабақтан тыс қызметінің дәстүрлі мерекелеріне айналды.

6. «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлер» қоғамда тұлғаның сәтті түрде өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде Ұлттық педагогикаға, отбасы тәрбиесінің дәстүріне сүйене отырып болашақтағы отбасы өміріне қыз бен ер баланы дайындау, білім алушыларды отбасы институтына нақты оң қатынас қалыптастыруға бағытталған.

Өзін-өзі тану сабақтары, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Мен, сен, ол, біз тату отбасымыз», «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» мерекелері, «Қамқорлық», «Мектепке жол», «Адамға қуаныш сыйла» акциялары, «Қайырымды істер мектебі» іскерлік ойыны, халықаралық әйелдер күні, Ұстаздар күні, балаларды қорғау күндеріне арналған

мерекелер, «Бақытты адамның ережесі» рөлдік ойыны, «Менің ер/әйел идеалым» турнирі, «Ата-аналарға қамқор болу – әр адамның арнамысы», «Қыз өссе елдің көркі», «О, махаббат сен әлі тірісіңбе?!» тақырыптық сынып сағаттары, «Шиеленіс», «Байланысу», «Мен және этикет» сұхбаттары, «Өзіңді таны», «Менің қалауым», «Мен туралы айтшы» психологиялық сұхбаттары, «Жігіт сұлтаны», «Қыз аруы», «Арулар мен арыстар» байқаулары – білім алушылардың сабақтан тыс қызметінің формалары.

Өскелең ұрпақтың бос уақытын пайдаланудың мәселелері жан жақты тәрбиелеу мен даму мақсаты қоғамға әрдайым маңызды болды. Балаларды тәрбиелеу өз қызметтерінде қай уақытта да шығады. Алайда бұл тәрбиені сабақ уақытынан бос уақытта жүзеге асыру өнімді. Осылайша оқушылардың сабақтан тыс уақыты мәдени-шығармашылық қызмет пен рухани-адамгершілік басымдылыққа, сана-сезімнің жоғарғы деңгейіне бағытталған.

№ 37 мектепте білім алушылардың сабақтан тыс қызметі үшін жағдайлар жасалған.

Мектептің аталған бағыт бойынша барлық жұмыс жүйесі мүмкіндік беруге шақырады:

балалардың еркін таңдалған бағдарламалары, бірлестіктері, олардың табиғатына жақын, ішкі талаптарына жауап береді;

білім беру сауалдарын қанағаттандыруға көмектеседі, өзінің табысты екендігін сезінеді, таланттарын, қабілеттіліктерін іске асырады және дамытады;

өмірлік және әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенді болу, өз таңдауына жауапты бола алу;

өз елінің белсенді азаматы болу, табиғатты жақсы көру және қорғай білу, әлемде бейбітшілікті сақтауға күресуде белсенді өмірлік ұстанымға ие болу.

Мектептің педагогикалық ұжымы жасаған «Мәдени мұра» бағдарламасы елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын тәжірибелі түрде жүзеге асыру болып табылады. Тек отбасына, мектепке, қалаға, елге және дәстүрлерге махаббат арқылы тәрбиелеуде ғана біз өз Отанының азаматын, патриотын тәрбиелей аламыз.

Рудный қаласы әкімдігінің № 10 мектеп-гимназиясының сабақтан тыс қызметі тәрбие жұмысын дамыту факторы ретінде

Бүгінгі күнде формальдық білім беру жүйесі оқшауланған болсада, әрдайым дамып отырған технологиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге сәйкес келмейді деп ғылыми тұрғыда

дәлелденген, сондықтан оны формальды емес білім беру тәжірибесі байытылып отыру керек.

«Сабақтан тыс қызмет» бөлімінің бағыттары бойынша сабақты ұйымдастыру мектепте білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және білім алушылардың дамуына бағытталған сабақтардың кең спектрін таңдауға мүмкіндік береді.

№ 10 мектеп-гимназиясының ұжымы тұлға қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім алушылардың күннің екінші жартысында пайдалы бос уақыт инфрақұрылымын құруға ұмтылады. Білім алушыларға жеке қызығушылықтарды дамытуға, жаңа өмір кезеңінде әлеуметтілікті сәтті өту, мәдени нормалар мен құндылықтарды меңгеруге мүмкіндік беретін ерекше білім беру кеңістігі құрылған.



Бастауыш сыныптары мұғалімдерінің, қосымша білім беру педагогтерінің, дене шынықтыру және бейнелеу өнері мұғалімдерінің арқасында мектеп білім алушылардың сабақтан тыс қызметті тиісті деңгейде ұйымдастыра алды.

Мектептен тыс қызмет пен балаларға қосымша білім беру арасындағы байланыстырушы түйін факультативтер, мектептің ғылыми қоғамдары, үйірмелер, таңдау бойынша оқу курстары сияқты іске асыру формалары болады. Сабақтан тыс білім беру қызметінің барлық қызметтеріне негізгі критерийлерді жатқызу үшін осы қызметтің мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ оның жұмыс мазмұны мен әдістері кіреді.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудағы негізгі міндеттер:

эртүрлі қызмет түрлеріне білім алушылардың қызығушылықтары, икемділіктері, қабілеттіліктері, мүмкіндіктерін анықтау;

сабақтан тыс қызметтің таңдалған саласында баланың жеке дамуы үшін жағдай жасау;

білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

қызметтің таңдалған бағытында білім, білік, дағды жүйесін қалыптастыру;

шығармашылық қызметті, шығармашылық қабілет тәжірибесін дамыту;

алынған білім, білік және дағдыны жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

формалды емес тілдесу, өзара әрекеттілік, ынтымақтастық тәжірибелерін дамыту;

социуммен тілдесу шеңберін кеңейту.

№ 10 мектеп-гимназиясының базасында көптеген жыл бойы «СКИФ» орталығы жұмыс істейді (аббр. «спорт, мәдениет, өнер, фантазия»).

Ол өзіне сабақтан тыс қызметтің келесі формаларын қосады:

спорттық секциялар (туризм, волейбол, баскетбол, футбол, шахматтар, атлетикалық гимнастика);

үйірмелер: («Жас көшбасшылар мектебі», «Арман» вокалдық шеберлік үйірмесі, «Жас суретші» бейне-студиясы, «Ирбис» туристтік клубы (құзға шығу), «Силуэт» қолданбалы шығармашылық үйірмесі, «Арабеск» би ансамблі, «Компьютерлік сауаттылық әлемі» АЕТ үйірмесі, «Бәрін білгім келеді», үйірмесі, «Мен-зерттеушімін» ғылыми қоғамы, «Оригамидің сиқырлы әлемі», «Тұзды қамырдан жабыстырма», журналистика («Говорит и показывает «Десяточка» мектеп телевизиясы);

факультативтер («Сұрақтар мен жауаптардағы механика», «Зертте, ойлап тап, байқа», «Сөз сыры», «Математикалық фейерверк», «Интенсивті орыс тілі», «Сөз қоймасы»;

таңдау бойынша курстар («Географиялық кәсіптер әлемінде», «Өлкетану», «ЮНЕСКО-ң бүкіләлемдік мұрасы», «Химия бойынша тәжірибелік есептерді шешу», «Абайтану курсы», «Формуласыз физика».

Қоғам өмірінің қазіргі шындығы және бәсекелестік жағдайында табысты болу үшін бітіруші түлектер толық сапалы білім мен дағдыны меңгеруі керек. Әр түрлі қызметтегі танымал әлем компанияларыларының көбі қызметкерлерді таңдауда ішкі және сыртқы басымдылық, бәсекеге қабілеттілік, командада жұмыс істей алу, коммуникативтілік, сыни тұрғыдан ойлау (жаңашылдық), кең түрде ойлау, шығармашылық басымдылық, ауызша немесе таңбалы логика, ақпараттық технологияларды білу және қолдану, эрудиция, лексика сияқты талаптарды басшылыққа алады.

Сондықтан сабақтан тыс қызмет формасын таңдауда, мектеп оқушылар тұлғасының дәл осындай сапасының қолдану сұранысының дамуына бағытталған. Мектеп жұмысына жүйелі түрде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу оқу үдерісін сапалы жетілдіруге және оқыту тиімділігінің жоғары деңгейін меңгерген ақпараттық-білім беру ортасын әзірлеуге ойдағыдай келуге мүмкіндік беруді ашады.

2009 ж. мектепке жаңалық енгізу бір уақытта журналистика үйірмесі мен «Говорит и показывает «Десяточка» мектеп ТВ шығармашылық жобасының жіберілуі болды. Үйірме жетекшісі «ТВС» телекомпаниясының бұрынғы қызметкері, жоғары білікті маман

Климова О.Е. № 10 мектеп-гимназиясының жеке телевизиясы 7 жыл жұмыс істейді және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары мен басқада «ондық» қызметкерлердің сүйіспеншілігіне ие болды.

Мектеп ТВ қандай артықшылықтары бар? Табысты тұлғаның сапасын қалыптастыруға қандай мүмкіндік береді?

Кез келген ТВ пәні әрдайым виртуалды шындықтың нәтижесі. Виртуалды шындық - бұл көруге және естуге болатын интеллектуалдық өнім.

"Мектеп телевизиясы" жобасының мақсаты - ақиқаттылықты меңгерудің әмбебап құралы мен білім алу, білім алушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту, білім беру үдерісінде білім алушылардың тұлғалық ұстанымын белсендіру сияқты телевизия бағдарламаларын құрумен жұмыс істеудегі білім алушылардың функционалдық дағдысын иеленгені үшін жағдай жасау.

Мектеп телевизиясы – оқушылардың шығармашылық басымдылығын ашып көрсету мүмкіндігі. Телевизиялық бағдарламаларды құрудағы жұмыстар білім алушылардың өз-өзін көрсетуіне, адами қызметтің кең спектрінде гуманитарлықтан техникалыққа дейінгіде өз күштерін сынап көруіне, өз жұмысының нәтижесін көпшілік алдында көрсетуге мүмкіндік береді.

"Мектеп телевизиясы" жобасы бірнеше жалғаспалы міндеттерді шешуі қажет:

оқушылардың танымдылық уәждемелерін белсендіру;

білім алушылардың шығармашылық қызметі алаңын айтарлықтай кеңейту;

білім алушылардың шығармашылық басымдылығын ашу үшін жағдай жасау;

жоғары сынып оқушыларының бейінді бағдары үшін жағдай жасау.

"Мектеп телевизиясы" жобасы білім алушылардың табысты оқытусыз мүмкін емес танымдық уәждемесін белсендіруге көмектесті.

"Мектеп телевизиясы" білім алушылардың көзқарасымен – бұл өз шығармашылық басымдылығын ашу мүмкіндігі.

Мектеп ТВ тілшілері мектептің өзекті тақырыптарына телевизиялық жаңалықтар мен репортаждарды құрады, мектеп мерекелері мен мектептің ең қызықты оқиғаларын бейнетаспаға түсіреді. Мектеп ТВ бағдарламалары – жас журналистердің өмірге деген көзқарасы.

№ 10 мектеп-гимназиясының сабақтан тыс қызметі – бұл



Сабақтан тыс уақытта тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мақсаты бар қоғамдық-пайдалы қызмет, бос уақытты формалды емес ұйымдастыруға қосу арқылы білім алушыларды қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын меңгеру үшін оқушы, мұғалім және басқа білім беру үдерісіндегі субъектілерге жағдай жасаудағы шығармашылық мақсатты әрекеттестік формасы.

Сабақтан тыс қызметті азаматтық ұстаным мен әлеуметтілік белсенділікті қалыптастыру үдерісінің негізі ретінде қарастыруда сабақтан тыс қызмет, ең бірінші осы үдерістің жағдайын жариялап және сақтандыруды іске асыруы қажет.

Екіншіден, сабақтан тыс қызмет ешқашан догматтық, бұйрықты және формалды болмауы тиіс.

Үшіншіден, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда баланың позитивті тәжірибесіне сүйену қажет.

Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Ключевой орта мектебінің сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру тәжірибесі

Ключевой орта мектебінің сыныптан тыс қызметі мыналарға бағытталады:

білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қызметтің оқу, еңбек, коммуникативтік, қозғаушы және көркемдік түрлерін меңгеру;

қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаға бейімделе алу;

өз денсаулығын қолдау күшейту және нығайту және дене шынықтырумен айналысу;

білім алушылардың қоршаған әлемге, этикалық және адамгершілік нормаларға, эстетикалық сезімдерге дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру;

шығармашылық қызметтің әр түрінде қатысу ынтасы;

білім алушылардың әрі қарай оқытуға дайындық деңгейін анықтайтын қызметтің білім, білік және құралдарды қалыптастыру;

өздігінен білім алу, бақылау және өзін-өзі бағалаудың элементарлық дағдыларын дамыту;

Сабақтан тыс қызметтің мақсаты:

білім алушылардың қоғам өміріндегі әлеуметтік тәжірибеге қажетті жетістіктер үшін жағдай жасау;

оқудан бос уақытта әр білім алушыны сан қырлы дамыту мен әлеуметтенуі үшін жағдай жасау;

бос уақытта оқушылардың әлеуметтенуін, интеллектуалдық қызығушылығын белсендіруді қамтамасыз ететін тәрбиелеу ортасын құру;

азаматтылық жауапкершілігі мен құқықтық сана сезімі қалыптасқан, жаңа жағдайдағы тіршілік әрекетіне дайын, әлеуметтік маңызы бар практикалық қызметке, ерікті бастаманы іске асыруға қабілеттілігі қалыптасқан дені сау, өсіп келе жатқан тұлғаны дамыту.

Сыныптан тыс қызметтің міндеттері:

қоғамдық ұйымдар, білім алушылардың жанұяларымен бірге білім алушылардың қоғамдық-пайдалы және бос уақыт қызметін ұйымдастыру;

білім алушыларды жан-жақты қызметке қосу;

позитивті коммуникативтік тілдесу дағдыларын қалыптастыру;

ұйымдастыру дағдысын дамыту және жалпы мәселелерді шешуде педагогтермен, замандастармен, ата-аналармен, жасы үлкен балалармен



ынтымақтастықты іске асыру;

еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қиыншылықтарды жеңуге қабілеттілік, нәтижеге жетуде мақсатқа талпынушылық және табандылық;

мектепте тәрбие жұмысының тиімділік мониторинг жүйесін жетілдіру;

оқудан бос уақытта білім алушылардың бос уақыт мазмұны, формасы, және әдістерін тереңдету;

білім алушылардың ақпараттық қолдауын ұйымдастыру;

білім алушылардың бос уақытын ұйымдастырудың материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Бағдарламаның принциптері: білім алушыларды белсенді қызметке қосу, қол жетімділік және көрнекілік, теорияның практикамен байланысы, жас ерекшеліктерін есепке алу, қызметтің жеке және ұжымдық формаларын байланыстыру.

Бағыттары бойынша сыныптан тыс тәрбие жұмысының түрлері:

спорттық (секциялар: волейбол, футбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, дзюдо, жұдырықтасу, шаңғы спорты);

қызығушылықтары бойынша үйірмелер («Шебер қол», «Кеме модельдеу», «Жаппай ойындық»)

көркемдік бағыт (халық аспаптар оркестрі, вокалдық-аспаптық ансамблі, би үйірмесі);

жазғы мектеп жанындағы күндізгі лагерлер, мектеп белсенділігіндегі оқу лагері;

скаут жасақтарының жұмысы.

2004 жылы ақпанда скаут жасақтарының базасында құрылған үкіметтік емес ұйым - «Полюс» Балалар орталығы» қоғамдық

бірлестігінің заңды тіркеуі өтті. «Ключевой ЖШС» бірлестікке бұрынғы кеңсе ғимаратын бөлді. АҚШ Бейбітшілік корпусы еріктілерінің ықпалымен оқу скалодромы салынды.

«Полюс» Балалар орталығы» өткізетін сабақтар келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

жаяу, су, велосипедтік және шаңғы туризмі және құзға шығу;
табиғатта өздігінен тіршілік ету;

күтқару операциялары және алғашқы медициналық көмек көрсету;

спорттың әскери техникалық және қолданбалы түрлері (су астында жүзу, парашюттік спорт);

экологиялық қызмет (мектеп орманшылығы);

ұжымдық шығармашылық жұмыс;

қоғамға қызмет ету (зейнеткерлерге, еңбек және соғыс ардагерлеріне, ауыл аймағындағы әлеуметтік маңызы бар акциялар);

ұлттық және үстел ойындары.

Қызмет атқару жылдарында 50-ден астам су асты жүзуші-аквалангистер, 35 турист-шебер, 10

парашютист, су асты жүзу бойынша 2 нұсқаушы және парашюттік спорт бойынша 1 нұсқаушы дайындалды.

Шатырлы лагерьді ұйымдастыру бойынша аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі тәжірибе бар.

Облыстың бірнеше дүркін чемпиондары, туризм бойынша республика біріншілігінің бірнеше рет қатысушылары, спорттық құзға шығу мен күтқару жұмыстары бойынша жеңімпаздары.

2012 жылы скауттар командасының бастамасы құрылған. Шаңғы туризмі бойынша облыс біріншілігінде жалпы команда бойынша 4-ші және жеке есеп бойынша 1-ші орынды иеленді.

2013, 2014 жылдарда баскетбол бойынша аудандық жарыстарда, «Алтын доп» облыстық турнирлерде (қыздар), (ұлдар) жүлделі орындарға ие болды.

2010 жылдан бері туристер облыс чемпиондары, әсіресе ересек командалардың ішінде, туризм бойынша Қазақстан Республикасының бірнеше чемпионаттарына қатысты.

2012 жылдан бері команда шаңғы туризмі бойынша Қостанай облысы біріншілігінің тұрақты қатысушысы (4 жалпы командалық орын).

Шығармашылық ұжымдар арасындағы облыстық байқауда ұлттық аспаптар оркестрі 2 орынды иеленді.



Мектеп орманшылығы мектеп ауласын жасылдандыру, жергілікті жасыл көшеттерді күзету және ауыл мен орманның санитарлық жағдайын бақылау бойынша жұмыстар жүргізеді.

Ең сәтті жобалар мен іс шаралар:

2001 ж. «Промелькнувший метеор» скауттар республикалық шатырлы лагері.

2002 ж. Ресей, Германия, Польша, Өзбекстан скауттар жасақтарының қатысуымен Қазақстан скауттарының Ұлттық Джамбори (слётіне) қатысу.

2003 ж. Девиантты мінез-құлықты балалармен «Терра инкогнита» шатырлы лагерін ұйымдастыру.

2004 ж. «Полярная звезда» скауттардың қазақстандық-германдық шатырлы лагерін ұйымдастыру.

2005 ж. «Робинзон» скауттардың облыстық шатырлы лагерін ұйымдастыру. Германияға сапар. 100 километрлік қайықпен жүзуге қатысу.

2006 ж. Ресей, Германия, АҚШ, Ұлыбританияның скауттар жасақтарының қатысуымен Қазақстан скауттарының Ұлттық Джамбори (слётіне) қатысу.

«Спасатель» скауттардың облыстық шатырлы лагерін өткізу.

«Атамекен» жобасы. «Операция «Ұлан» әскери-патриоттық жобасына қатысу.

2007 ж. Бүкіләлемдік скауттар қозғалысының 100-жылдығына арналған скауттардың «Цивилизация» республикалық шатырлы лагерін өткізу.

2009 ж. Германияға сапар. 200 километрлік вело жүгіріске және 100 километрлік қайықпен жүзуге қатысу.

2010 ж. Ресей, Германия, АҚШ, Ұлыбританияның скауттар жасақтарының қатысуымен Қазақстан скауттарының Ұлттық Джамбори (слётіне) қатысу.

Германия скауттар жасақтарының қатысуымен аудандық жастар Форумын өткізу.

2011 ж. Қазақстандағы АҚШ бейбітшілік Корпусы еріктілерімен бірлесе «Спасатель» скауттардың облыстық шатырлы лагерін ұйымдастыру.

Халықаралық симпозиумына қатысу.

2012 ж. Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған екікүндік веложүгіріс. Қостанай облысының әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларына скаут шатырлы лагерін ұйымдастыру;

2013 ж. Рейн өзенімен (Германия) 40 километрлік қайықпен жүзуге қатысу.

2014 ж. III Еуразия Аймақтық Джамбориге қатысу. Қатысушы елдер: Ресей, Әзірбайжан, Грузия, Армения, Украина, Германия, Жапония, Гонконг, Малайзия.

«Полюс» Балалар орталығы» қоғамдық бірлестігі Қостанай облысының парашюттік спорт Федерациясының құрылтайшыларының бірі - Қостанай облыстық балалар мен жастар ұйымы Ассоциациясының мүшесі болып табылады.

Лагерь 2013 ж. балалар мен жастардың ҮЕҰ облыстық байқауында үздік жоба болып танылды.

2013 ж. бастап Ильич және Қарасу мектептерімен бірлесіп жұмыс жасайды. 2013- 2014 жылдарда осы мектептермен бірлесіп «Қауіпсіздік мектебі» оқу-жаттығу туристік шатырлы лагері өткізілді. Екі жыл қатарынан

қалыптасқан командалар өздігінен аудандық туристер слетін өткізеді.

2014- 2015 оқу жылдарына жұмыс жоспары:

аталған жасақтарды аудан мектептері жанынан құруға ықпал жасау, оқу семинарларын өткізу;

парашютпен секіру бойынша жаттығу семинарлары;

шатырлы лагерлерді ұйымдастыру бойынша мектеп активінің оқуы және басқа аудан мектептерімен ынтымақтастықты дамыту;

Лисаковск қаласының «Факел» туристік клубы, Рудный қаласының «Океан» әскери-патриоттық клубы, Қостанай қаласының «Альбатрос» әскери-патриоттық клубы, Астана және Павлодар қалаларының скаут жасақтарымен серіктестік кездесу.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламаларын сәтті іске асыру үшін бірнеше шарттарды орындау қажет: қызметті жоспарлау, бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық жағдайлар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламаларын іске асыруға мектеп педагогтері, психологтар, дене шынықтыру оқытушылары мен әскери жетекшілер қатысады.

Сабақтан тыс қызметтің мониторингтік зерттеулерінің мақсаты сабақтан тыс қызмет пен қосымша білім беруді жаңғыру нәтижелілігінен көрінетін ұйымдастыру жүйесін құру, ақпаратты жинау, өңдеу және тарату болып табылатын келесі критерийлерден тұрады:

білім алушылардың әлеуметтік белсенділігінің өсуі;

белсенді танымдық қызметке уәждеменің өсуі;



қалыптасқан коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттіліктер, креативті және ұйымдастырылған қабілеттіліктер, рефлексивті дағдылар сияқты білім беру нәтижелері білім алушылардың жетістіктерінің деңгейі;

жеке дамудағы сапалы өзгерістер, азаматтық және адамгершілік нормаларды, рухани мәдениетті меңгеру, қоршаған ортаға гуманистік негіз қарым-қатынасы;

мектептің тіршілік әрекетіне білім алушылар мен ата-аналардың қанағаттануы.

Мониторингтің нысандары:

формалардың қажеттілігін бағалау және сыныптан тыс жұмыс іс-шаралары;

сабақтан тыс жұмыстың барлық бағыттарының контингентін сақтау;

тәрбие іс-шараларын қанағаттандыруды анықтау мақсатында жыл қорытындысы бойынша оқушылар және ата-аналармен сауалнама жүргізу;

мектеп ішілік бақылау аясында оқушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізу;

білім алушыларды сабақтан тыс білім беру қызметіне мектеп базасында, сондай-ақ мектептен тыс жерде де еліктіру;

білім беру субъектілерінің әр түрлі деңгейдегі мақсатты бағдарламалар мен жобаларға қатысу нәтижелілігі.

Күтілетін нәтиже

Сабақтан тыс қызмет бағдарламасының нәтижесі тәрбиелеу және әлеуметтену үдерісінде сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру және іске асырудың жөнделген тетігі болып табылатын мектеп өмірі салтынының теориялық тұрғыда дәйекті және экспериментальды тұрғыда апробацияланған үлгісі болуы қажет.

1. Мұғалімдердің заманауи білім беру тәсілдерін меңгеру.
2. Өнімді еңбекке дайындық.
3. Алдағы білім беруге дайындық.
4. Қалыптасқан дүниеге көзқарас.
5. Қалыптасқан жалпы мәдениет
6. Қалыптасқан қажеттілік.
7. Мектеп білім алушыларының қылмыс бұзушылығын төмендету.
8. Білім алушыларды күннің екінші жартысымен қамтамасыз етуді % арттыру.
9. Білім алушылардың аурушаңдығын % төмендету.
10. Демалыс, сауықтыру және балалардың бос уақытының тиімді формаларын енгізу;

11. Бірыңғай тәрбие кеңістігінде психологиялық және әлеуметтік қолайлықты жақсарту;
12. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту.
13. Әр баланың шығармашылық белсенділігін дамыту.
14. Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Осылайша Ключевой орта мектебінің педагогикалық ұжымы оқыту мен тәрбиелеудің тұлғаға бағытталған технологияларын пайдалана отырып мектептің барлық білім беру жүйесінің орталығына бала тұлғасын қойып отыр, оның дамуына жайлы, шиеленіссіз және қауіпсіз жағдайларды, баланың табиғи басымдылығын іске асыруды қамтамасыз етеді. Тұлғаға бағытталған технологиялар әр баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес келу, білім беру мазмұнын қайта құру, балаларға өктемшіл тәсілді қарама-қарсы қойып, орнына сүйіспеншілік қамқорлық, ынтымақтастық атмосферасын қою, тұлғаның шығармашылығы мен маңыздану үшін жағдай жасауға оқыту мен тәрбиелеу әдістері мен құралдарын табуға мүмкіндік берді. Балалар мен ересектердің қарым-қатынасы шығармашылықты бірге құру, педагогикалық қолдау, тілдесу тәжірибесі арқылы іске асырылады.

Мектепке әлеуметтік ортамен қарым-қатынас орнату маңызды роль атқарады, сондықтан мектеп әрдайым ортаның тәрбие басымдылығын анықтайды, байланыс орнатады.

Сынып жетекші бұрынғыдай баланың тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыратын мектептің негізгі тұлғасының бірі болып қала береді. Ол оның жеке ерекшеліктерін, өмір жағдайын оқып біледі және талдайды, ұжымның дамуын болжайды, білім алушылар тұлғасының өзін-өзі анықтауын қалыптастыруына көмектеседі.

Ауыл мектебінде сынып жетекшінің қызметі айтарлықтай ерекшеленеді. Жеке ерекшеліктерді, өмірдің тұрмыс жағдайын білу, отбасындағы қарым-қатынас әр баланың отбасына деген жеке тәсіл мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сынып жетекшілер өткізілетін жұмыстардың түрлері мен күрделілігіне қарай әр түрлі жастағы ұжымның кеңесшісі, дайындалған жұмыстың уақытша жетекшілері, ұжымның тең дәрежелі мүшесі ретінде қатысады.

Педагогтердің тәрбие қызметінің уәждемесін қолдау.

Уәждеме адам қызметіне мағына береді, анықталған бағытта оның дамуына түрткі болады. Уәждеме жұмыс сапасын, нәтижелілігін арттыруға, мектептегі микроклиматты жақсартуға үндейді, сондай-ақ кәсіби мақсаттарға жетуге, оң перспективаны беруге, инновацияға педагогикалық кадрларды дайындауға көмектеседі.

Қорытынды

Бүгінгі таңда әлем жылдам қарқынмен өзгеруде, соған сәйкес тәрбие беру жүйесі де қоғам мен білім берудің даму үдерістерімен қатар құрылымдалуы керек. Оқу-тәрбие беру үдерісінің басты мақсаты – әрбір бала өзін-өзі дамыту арқылы оқуға ынталы болатындай және оқитындай білім беру ортасын құру.

Гуманистік, тұлғалық-бағдарланған білім негізінде оқушы мен педагогтің әртүрлі бағытта дамуы және өзін-өзі дамытуы, олардың дүниетанымы, шығармашылық қабілеттері, зияткерлік әлеуеттері үшін қолайлы жағдай туғызу аталған мақсатқа қол жеткізу бойынша қызмет болып табылады.

Өйткені тәрбие беру жүйесіндегі негізгі бағыты оқушының тұлғалық дамуына және ұжымның құрылуына көмектесу, тәрбие беру жүйесін, оның ішінде сабақтан тыс қызметтерді жобалау бүгінгі таңдағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің маңызды үдерістерінің біріне саналады.

Педагогикалық үдерістің барлық қатысушылары үшін қазіргі уақытта мектеп түлектеріне, мемлекеттік институт ретіндегі мектептің өзіне қойылып отырған талап, сабақтан тыс танымдық қызметті басымдыққа ие өзекті қызмет түріне ауыстырады.

Мектепте сабақтан тыс қызметтің тұтас жүйесін құру үшін келесі іс-шараларды жүргізу қажет:

сабақтан тыс қызметті мектептің білім беру бағдарламасына енгізу;

сабақтан тыс қызметті нақты мазмұнмен байыту;

сабақтан тыс қызмет туралы Ереже дайындау;

сабақтан тыс қызмет бағдарламасының тізімін құру;

сабақтан тыс сабақ жүргізуге кадрларды іріктеп алу;

сабақтан тыс қызметтің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу;

сабақтан тыс қызметті материалдық-техникалық жабдықтаумен қамтамасыз ету;

сабақтан тыс қызмет бағдарламасын іске асырудың уақыты мен кезеңдерін бекіту;

ата-аналарды сабақтан тыс қызмет туралы құлақтандыру.

Қарапайым арифметикалық есептер көрсеткендей, оқушы бір жылда 150 күннен аз емес уақыт мектеп сабақтарынан бос болады екен. Жылдың қалған күндеріндегі оның уақытының тағы үштен бірі сабақтан бос. Алайда бала өзінен-өзі ешқашан бос болмайды. Өсіп келе жатқан адам дүниеден әртүрлілік күтеді және бұл орайда ол тұрмыстық артықшылықтар мен құндылықтардың арасынан, сондай-ақ, өмірдің өзі ұсынған таңдау мүмкіндіктері арасынан алатын қалауынан бөлек қосымша білім беру құндылықтары да болуы әбден мүмкін.

Қосымша білім беруді ұйымдастыру, балалардың тұлғалық дамуы, кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауы, шығармашылық еңбегі үшін, сонымен қоса олардың қабілеттерін жүзеге асыруға, қоғам өміріне бейімделуіне, азаматтық санасының қалыптасуына барлық жағдайды туғызады.

Балалардың тәрбиесі мен дамуы жүйесінде қосымша білім беруді қолданудың артықшылығы балалардың тәрбие мен білім алуын, тұлғалық дамуын біртұтас үдеріске біріктіруінде.

Қосымша білім беру ұйымдарында тәрбиенің басымдығы жүзеге асырылған. Қосымша білім беру баланың мектепте алған білімі мен икемін одан ары теңдетуге, кеңейтуге және оның болашақ мамандығының негізгі бағдарын салмақтауға мүмкіндік береді.

Біз баланы сана-сезім екінші қатарға ысырылып, ал қызмет өзінің мағыналық бояуын жоғалтқан ортаны, яғни ол өзін көрсете алатын және саналы өмірдің тәсілдерін меңгерген ортаны таңдау мүмкіндігінен айыра алмаймыз.

Бала мен оның ата-анасын басқа жақтан қосымша қызметтер іздеуге мәжбүрлемей мектептің өзінде-ақ баланың артықшылығын айқындап, оның қабілет-қарымын әртүрлі бағытта дамытуға мүмкіндік беретін жүйені таңдау әркімнің қалауынша болатынын ойлау жеткілікті.

Мектеп балаға дамудың үш маңызды кезеңі: балалық, жеткіншектік, жасөспірімдік шақтарды бастан кешіру кезінде ұзақ уақыт бойы әсер етуші алғашқы ұйымдасқан-әрекет етуші орта болып табылады. Мектеп ортаның барлық әсерлерін жалпы шоғырландырады. Жеткіншектің әлеуметтік ұстанымының қайта құру әлеуметтік ортаны қайта құрумен тығыз байланыста қарастырылады.

Мектептің әлеуметтік қызметтері өркениетпен құрылған құндылықтарға өсіп келе жатқан ұрпақты тартуды қамтамасыз ету және оларды оның байлықтарын игеру мен көбейту тәсілдерімен қаруландырудан тұрады.

Қажеттілікті құрайтын әлеуметтік белсенділік көзі мектепке әсер ететін өмірдің қоғамдық-саяси және мәдени ортасында болады.

Балалардың өмір салты, олардың даму деңгейі, ел саулығының маңызды индикаторы ретінде қызмет етеді. Балаларға әлеуметтік тәрбие беру қоғамды тұрақтандыруда мемлекеттік инструмент ретінде объективті қызмет етеді. Әлеуметтік тәрбие екі мақсатты көздейді: қазіргі заман жағдайында өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтендірудің сәтті жүргізілуі мен адамның тұлға және қызмет субъектісі ретінде өзін-өзі дамытуы.

Заманауи мектеп тәрбие беру үдерісін басқаруға тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» заңы (2007 ж. 27 шілде, № 319-III)
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
4. Асмолов А.Г. Системно-деятельностный подход к разработке стандартов нового поколения / А.Г. Асмолов // Педагогика. - 2009. - № 4. - 18-22 бб.
5. Григорьев Д.В. Внеурочная деятельность школьников. Методический конструктор: пособие для учителя / Д.В. Григорьев, П.В. Степанов. - М.: Просвещение, 2011. - 233 б.
6. Григорьев Д.В. Программы внеурочной деятельности. Игра. Досуговое общение: пособие для учителей общеобразоват. учреждений / Д.В. Григорьев, Б.В. Куприянов, П.В. Степанов. - М.: Просвещение, 2011. - 96 б.
7. Л. В. Занков. Избранные педагогические труды. М.: Педагогика, 1990.
8. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе. От действия к мысли: пособие для учителя/ [А.Г. Асмолов, Г.В. Бурменская, И.А. Володарская и др.]; под ред. А.Г. Асмолова. – 3-ші басылым. – М.: Просвещение, 2011.-152 б.
9. Примерные программы внеурочной деятельности. Начальное и основное образование. / Под ред.В.А. Горского. - 2-ші басылым - М.: Просвещение, 2011. - 111 б.
10. Смирнов Д.В., Горский В.А., Тимофеев А.А. Примерные программы внеурочной деятельности. Начальное и основное образование. — 2-ші басылым - М.: Просвещение, 2011. - 112 б.
11. Степанов П.В. Диагностика и мониторинг процесса воспитания в школе / П.В. Степанов, Д.В. Григорьев, И.В. Кулешова/ - М.: Академия: АПКИПРО, 2003. - 82 б.
12. Сейталиев К., Амиралиев Ш. Единство воспитания и обучения. - Алматы, 1983.
13. Кунантаева К.К. Объединение учащихся во внеучебное время. - Алматы, 1983.

Мектептегі оқу-тәрбие қызметі жүйесіндегі қосымша білім берудің моделі

Қызметтің пәні

Қызмет пәні мектептегі қосымша білім беру болып табылады

Білім беру үдерісін ұйымдастыру

Қосымша білім беру бағдарламалары таңдау бойынша және ата-ана мен бала тапсырысына жауап беретін бағдарламалар болып табылады.

Білім беру бағдарламалары типтік, түрлендірілген, авторлық, пәндік, пән үстілік, біріктірілген болуы мүмкін.

Мектептегі ұйымдастырылған балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі білім беру қызметі педагогтер әзірлеген, мектеп Кеңесімен бекітілетін бағдарламалармен сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламалық қамтамасыз ету:

Қосымша білім беру бағдарламалары желпуіші таңдауының негіздемесі ата-аналар мен балалар мүдделерінің зерттеу нарығы мен ресурстар базасының бар болуы.

Қосымша білім беру бағдарламалары:

білім алушылардың білімін негізгі және факультативтік пәндер бойынша тереңдетеді және кеңейтеді;

көптеген білім алушыларға мектеп білімі тұлғалық-маңызды етеді;

оқушылардың оқу-зерттеушілік белсенділігін ынталандырады;

жалпы білім беретін курстар қатарын оқытуда уәждемесін арттырады.

Бағдарламаларға талаптар:

әртүрлі саладағы ықпалдасу

бағдарламалар – жаңа технологиялар тасымалдаушысы (жобалық, зерттеушілік және т.б.);

бағдарламаларға әлеуметтік сынаулар мен тәжірибелер салынуы керек;

бағдарламаларда заманауи ұйымдастыру түрлері анықталған;

бағдарлама топқа да, сондай-ақ жеке оқытуға да құрылуы мүмкін.

Педагогтермен әзірленген бағдарламалар сараптамадан өтуі қажет.

Бағдарламалар сараптамасы

Бағдарлама сараптамасы жыл сайын мамырда Сараптамалық кеңеспен өткізілуі қажет (Сараптамалық кеңес туралы Ереже мен бағдарламалар талаптарына сәйкес).

Бағдарлама тұсаукесері

Мамыр мен қыркүйекте бағдарлама таңдауын жүзеге асыратын балалар мен ата-аналарға арналған бағдарламалар тұсаукесері өткізіледі. Тұсаукесер мынадай болуы керек:

- компьютерлік;
- ойын;
- ауызша;
- көрнекті және т.б.

Педагогтермен әр түрлі бағдарлама бойынша оқығысы келетін балалар тізімі құрылады.

Бағдарламаларды жіберу

Қыркүйек басында сабақ кестесі құрылады, мектептегі қосымша білім беру бағдарламалары жіберіледі.

Бағдарламаларды іске асыру

Оқу жылы бойында бағдарламалар іске асырылады.

Сабақтар 1 қыркүйектен 30 мамырға дейін өтеді.

Білім беру қызметі мүмкін негізделген өзгерістері бар тұрақты сабақ кестесінде көрінеді. Сабақ кестесі санитарлық ережелері және нормалары негізінде әзірленеді және директормен бекітіледі.

Демалыс кезінде сабақ бекітілген сабақ кестесімен сәйкес өткізіледі.

Қызмет мектеп кабинеттерінде ұйымдастырылады.

Қосымша білім берудегі сабақтардағы қызмет оқытудың барлық қажетті техникалық құралдарымен, көрнекті құралдармен, мектептің әдебиет қорымен қамтамасыз етіледі.

Ықпалдасқан бағдарламалар шығармашылық топқа біріккен бір немесе бірнеше педагогтермен жүзеге асырылады.

Сабақты ұйымдастырудың түрлері бағдарлама сипатына жауап беретін әртүрлі болуы мүмкін:

- топтық оқу сабақтары;
- жеке кеңестер;
- клубтық секциялар;
- үйірмелер;
- шеберханалар;
- зертханалар;
- жорықтар;
- экспедициялар;
- рөлдік ойындар.

Білім алушылар тобы бір немесе әр түрлі жасты болуы мүмкін.

Топтағы білім алушылар саны 10 адамнан кем болмауы керек.

Қосымша білім беру бойынша сабақтар педагогтермен арнайы журналдарға белгіленеді.

Бақылау және бағалау рұқсат береді:

- алынған нәтижелерді жазып қою;
- жоспарланғанмен салыстыру;
- қызметке бақылау мен түзетуді қамтамасыз ету, өзгеріс үдерісіне бағыттау;
- қызметті сапалы талдауды жүзеге асыру;
- қызметтің әртүрлі аспектілерін зерртеу.

Мектептегі балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі қызмет мүмкін болатын дәйекті өзгерістері бар тұрақты сабақ кестесінде көрсетіледі.

Үздіксіз білім беру моделінің барлық құрылымдық бөлімдерінде қайталанатын құзыреттіліктерді тізеді, бірақ әрбір деңгейде олар аталған жасқа тән қызметтің әр түрлері арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі және мектеп алды кезең

Заманауи қоғам бала құзыреттіліктерін қалыптастыруға кеңейтілген және тереңдетілген талаптарды ұсынады. Сондықтан өзінің әр түрлі білім беру бағдарламаларымен ерекшеленетін қосымша білім беру маңызды орынға ие.

Бастауыш мектеп

Бастауыш мектеп деңгейінде оқушылармен жаңа білім беру кеңістігін біліктілікті кеңейту арқылы игеру, қызметтің өзгеше тәсілдерін меңгеру жүзеге асады. Бұл кезеңде осыған дейінгі кезеңдерде құрылған машықтарды, қабілеттерді кеңейту мен дамыту болады:

тұлғалық біліктіліктер – «Денсаулық және білім», «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламаларын жүзеге асыру, денешынықтыру минуттары, денешынықтыру сабақтары, спорт секциялары, ырғақ сабақтары және т.б. арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру; қолданбалы өнер студияларындағы сабақтар, хор, хореография, театр, КТК-зертханалар арқылы өмірдің тұрмыстық құндылықтарын қалыптастыру; өзінің жанұясына, мектеп қоғамына, туған қаласына, өлкесіне, мемлекетіне деген сүйіспеншілік арқылы азаматтық қалыптастыру; балаларды мектептің салтында бар әртүрлі мемлекеттік рәсімдермен, дәстүрлермен таныстыру;

әлеуметтік – қоғаммен (қаланың әртүрлі алаңдарында балалар шығармашылық ұжымдарына қатысу), ұжыммен, жанұямен, достармен қарым-қатынас орнату шеңбері, жазбаша сөйлем құрау мен монологты меңгеру, дәстүрлерді, рәсімдерді сақтау қабілеті кеңейеді, сөйлесу мәдениеті қалыптасады;

қызметтер – танымдық және зерттеушілік қызметтер дамиды,

мәнерлілік және танымдық тапсырмаларды шешу қабілеті, әртүрлі білім бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру арқылы компьютермен жұмыс істеу машығы қалыптасады.

Бастауыш мектепте жетекші қызмет түрі ретінде оқыту қызметі табылады, сөйте тұра оқушы әлеуметтік сынақтар үшін кеңістікке ие болуы керек. Бұл: «Кіші Академия», «Эрудит» ойыны, «Зерттеу зертханасы», «Шебер қолдарға арналған шеберхана», «Дарын» студиясы және тағы да басқа әртүрлі ұйымдастырылған формаларға ресімделеді.

Аталған бірлестіктерде бірдей бейімділіктері мен қабілеттері бар әртүрлі жастағы балалар жұмыс істейді. Бірлестіктердің өзіне тән рәсімдері, киімдерінде ерекше белгілері, көңіл көтеру орыны, көшбасшылары болады.

Мектеп қоғамдастығы, ата-аналар, қамқоршылар кеңесі, әріптестер алдында тоқсанына бір рет көрмелер, тұсаукесерлер, шығармашылық жұмыстар өткізуге болады. Аталған іс-шаралардың қорытындысы бойынша оқушылар қандай да бір аталымның (портфолио үшін) бір «жұлдызын» алғанын білдіретін сертификаттарға ие болады.

Негізгі мектеп

Негізгі мектепте негізгі жете білушілікті жинақтау жалғасын табады, бірақ әлеуметтік тәжірибеге (клубтар, студиялар, секциялар, ерікті топтардың жасақтары және т.б.), шығармашылық жұмыстардың тұсаукесерлеріне, олимпиадалық қозғалыс ұйымдастыруға, зияткерлік ойындарға, модульді сала алдындағы білімге маңыз беріледі.

Қосымша білім берудің серпінді, оның ішінде желілік бағдарламасын ұсыну білім кеңістігіндегі таңдау шарттарының білі болып табылады.

Білім бағдарламасын таңдау балалармен және ата-аналармен жүзеге асырылады, сол үшін бағдарламалардың тұсаукесер кеңістігі ұйымдастырылады. Модульді оқыту 8-9 сыныптарда бірнеше бағдарламаны (қысқамерзімді модульдер) өтуге және жоғары мектепте одан кейінгі білім бейінін таңдауға мүмкіндік береді. Әрбір модуль шығармашылық жұмысты қорғаумен және сертификат алумен аяқталады. Портфолиоға қызметтер нәтижесін жинау әлдеқайда саналы түрде жалғасады. Балалардың жеке қабілеттерін (дарын) дамыту жалғасады, алғашқы ғылыми-зерттеу жұмыстары пайда болады.

Бұл кезеңде әртүрлі рөлдер мен ұстанымдарды өлшеу және игеру сияқты әртүрлі қызмет түрлерінде өзін сынап көру жағдайы жүреді.

Жоғары мектеп

Бұл кезеңдегі негізгі қызмет түрі жобалық болады. Жоғары мектеп кеңістігінің өзіндік ерекшеліктері бар:

- бейінді сыныптардың пайда болуы;
- жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас;

- желілік білім бағдарламаларына қатысу;
- кәсіби сынақтар.

Бұл деңгейде портфолио жинаудың негізі болатын (жоғары оқу орындарының желілік білім бағдарламаларынан өткені, кәсіби сынақтары, әртүрлі жобаларды іске асырғаны, ғылыми-зерттеу қызметтері үшін сертификаттар) баланы бағалаудың жаңа тәсілдері пайда болады.

Модельдердің іс-тәжірибелік іске асырылуы келесі қадамдардан тұрады:

- ҚБ жүйесінде оқуға оқушылар мен ата-аналарды бағдарлау;
- ҚБ ресурстарын анықтау;
- бағдарламаларық қамтамасыз ету (бағдарламалар жасау, сараптама, тұсаукесер, іске қосу, жүзеге асыру, нәтижелерді бақылау және бағалау);
- портфолио жинау.

Сабақтан тыс қызметтегі білім бағдарламаларының түрлері

Сабақтың тыс қызметтің әртүрлі түрлерінде тәрбие беру нәтижелерінің бірінші деңгейінен үшінші деңгейіне жүйелі ауысуын мөлшерлейтін кешенді білім бағдарламалары;

Сабақтан тыс қызметтің әртүрлі түрлерінде тәрбие беру нәтижелерінің бірінші деңгейінен үшінші деңгейіне жүйелі ауысуын мөлшерлейтін *кешенді білім бағдарламалары*. Бұл бағдарламалар тура болуы мүмкін, егер мұғалімдер біріншіден төртінші сыныпқа дейінгі балалармен жоспарланған нәтижелерге маңыз беріп жұмыс істей бастаса сәйкесінше бағдарламаның мазмұны да өзгереді.

Сабақтан тыс қызметтегі кешенді білім бағдарламаларын дайындау кезінде келесі жайттарды ескеру керек:

- кешенді бағдарламалар екі нұсқада болуы ықтимал:

«А» - бағдарлама бойынша қызметтің бүкіл мазмұны педагогикалық ұжымның бір бағыты бойынша жұмыс бөлігін (тобын) мөлшерлейтін болса, мысалы, көркем-эстетикалық, сол кезде әрбір педагог бір-екі модуль («Оригами», «Батик», «Жібек баумен тігілген», фольклор үйірмесі, театр студиясы және т.б.) жасайды.

Кешенді бағдарламалар жеке алынған сыныпта да, сондай-ақ, оқушылардың бірдей жастағы тобының еркін бірлестігінде де жүзеге асырылады. Топтардың саны, толығыуы, сабақ уақыты мен жүргізу мерзімділігі білім беру ұйымының жеке актісімен анықталады. Мұндай нұсқа балаларды оқытудың қосымша білім жүйесі бар немесе осы қызмет түрін ұйымдастыруға арналған білікті кадрлары бар және бір ауысымда жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

«Б» - бағдарлама бойынша қызметтің барлық мазмұны педагогикалық ұжымның жұмыс бөлігін (топтарын) бірнеше бағыт бойынша, мысалы, спорттық-сауықтыру, көркем-эстетикалық, ғылыми-танымдық, әскери-патриоттық мөлшерлесе.

Аталған нұсқа мамандар жетіспейтін, тек бір ғана бағытты іске асыратын ауылдық мектептерде қолданыс табады.

Кешенді бағдарламаларды дайындаған кезде міндетті түрде оған бағдарламаның барлық модульдері бойынша жұмыстың бүкіл ерекшелігі көрініс табатын бір түсініктеме хаты жазылады, ал бағдарламаның басқа тараулары әрбір педагогпен жұмыстың мазмұнына сәйкес өзінің модулі аясында жазылады.

Белгілі бір проблемалық алаңда тәрбие беру нәтижелерін алуға бағытталған және сонымен қоса сабақтан тыс қызметтің әртүрлі түрлерінің мүмкіндігі пайдаланылатын (мысалы, патриоттық тәрбие беру білім бағдарламасы, толеранттылық тәрбие беру білім

бағдарламасы) тақырыптық білім бағдарламалары.

сабақтан тыс қызметтің нақты түрлері бойынша білім бағдарламалары;

жас ерекшелігіне арналған білім бағдарламалары (кіші жастағы мектеп оқушыларына арналған сабақтан тыс қызметтің білім бағдарламалары; жасөспірімдерге арналған сабақтан тыс қызметтің білім бағдарламалары; жоғары сынып оқушыларына арналған сабақтан тыс қызметтің білім бағдарламалары);

оқушыларға арналған жеке білім бағдарламалары.

Білім бағдарламалары жас ерекшелігіне қарай қосымшасы болуы мүмкін, мысалы:

1-сыныпқа арналған – білім бағдарламасы, оқушымен әлеуметтік білімді әртүрлі қызмет түрлерінен алуға бағытталған.

2-3-сыныптарға арналған – білім бағдарламасы, әлеуметтік шынайылыққа құндылықты қарым-қатынас құрушы;

4-сыныпқа арналған – білім бағдарламасы, балаға өз еркімен қоғамдық әрекеттің тәжірибесін беретін.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламасын дайындаудың жалпы ережесі:

1. Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру бағдарламасы білім беру ұйымдарының өздерімен немесе ұқсас бағдарламаларды олардың қайта өңдеуі негізінде дайындалады.

2. Дайындалған бағдарламалар мектеп оқушыларының белгілі бір жастағы топтарына есептелген болуы керек.

3. Бағдарлама мазмұнын анықтауда мектеп педагогикалық мақсаттылығын басшылыққа алады және оқушылар мен ата-аналардың өтініші мен сұранысына бейімделеді.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда білім беру ұйымдары келесі ықпалдарды мақсатты түрде ескеруі тиіс:

білім үдерісі қатысушыларының, ата-аналардың (заңды өкілдерінің) өтініштері,

педагогикалық жұмысшылардың біліктілік деңгейі;

білімді ұйымдастырудың мақсаттары мен тапсырмаларына сәйкес сабақтан тыс қызмет курстарының жұмыс бағдарламасының сапасы.

Сабақтан тыс қызмет бойынша жұмыс бағдарламасы директордың тәрбие жөніндегі орынбасарымен (дәл соның міндетіне сабақтан тыс қызметті бақылау және талдау, жоспарлау сұрақтарын енгізу) сабақтан тыс қызметті жүзеге асыратын педагогтердің методикалық бірлестігінде келісіліп, директормен бекітіледі.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламасы бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім бағдарламаларын игерудің жоспарланған нәтижелеріне қол

жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламасы мына негізде дайындалады: әмбебап оқу әрекетін құру бағдарламалары мен бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім бағдарламаларын игеру нәтижелеріне қойылатын талаптар.

Мектептен тыс қызметтің жұмыс бағдарламаларын әзірлеудің негізгі құралдары

Әзірленген қосымша білім беру бағдарламаларын пайдалану (типтік, түрлендірілген, авторлық)

Білім беру ұйымы деңгейіндегі ұсынылған және бекітілген мектептен тыс қызмет курсы бағдарламаларын өздігінен әзірлеу.

Мектептен тыс қызмет бойынша бағдарламаларды келесі принциптер негізінде құру қажет: үздіксіз білім беру жалпы алғанда, білім берудің толықтық және біртұтастығын қамтамасыз ету тетігі ретінде, мектептен тыс қызмет жүйесінде, оқу-тәрбие үдерісін басқаруды жүйелі ұйымдастыруда әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісінде әр баланың даралығын дамыту.

Жұмыс бағдарламасының құрылымы:

Титулдық парақ

Түсіндірмелі хат

Оқу-тақырыптық жоспар

Оқылған курс бағдарламасы

Жоспарланған (тұлғалық және пән үстілік) нәтижелер

Курсты меңгерудің тұлғалық, пән үстілік нәтижелерін анықтаудың мониторингтік картасы;

Білім беру үдерісін әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді сипаттау (ОӘК).

Пайдаланылған әдебиеттер.

Қосымшалар

Мектептен тыс қызмет бағдарламасы келесі бөлімдерден құралуы мүмкін:

Түсіндірмелі хатта мектептен тыс қызметте педагог пен білім алушылардың өзара әрекеттілік мақсаттары мен міндеттері, білім алушылардың сабақ және сабақтан тыс қызметі мазмұнындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін негізгі тәсілдерді сипатталатындығы (ең алдымен, жүйелі-қызметтік) көрсетілуі қажет.

Мектептен тыс қызмет курс мазмұнының құнды бағдарларын сипаттау.

1. Мектептен тыс қызметтің оқылған курсының мазмұны.

2. Білім алушылардың мектептен тыс қызметінің жоспарланған нәтижелері: тұлғалық және пән үстілік нәтижелер, деңгей көрсеткіші және оны меңгеру дәрежесінің көрсеткіші, оның

бастауыш жалпы білім берудің негізгі бағдарламасын меңгерудің басқа нәтижелерімен өзара байланысы.

3. Білім алушылар қызметінің оқу-тақырыптық жоспарының анықталған негізгі түрлері.

4. Курсты меңгерудің тұлғалық, пән үстілік нәтижелерін анықтаудың мониторингтік картасы;

5. Білім беру үдерісін әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді сипаттау (ОӘК).

6. Пайдаланылған әдебиеттер.

7. Қосымшалар.

Сабақтан тыс қызмет курсының бағдарламасы келесі тараулардан тұрады:

1. Сабақтан тыс қызметте педагогтер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың мақсаттары мен міндеттері көрсетілген, оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс қызметтегі мазмұнның өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін негізгі тәсілдерін (бәрінен бұрын жүйелі-қызметтік) сипаттау түсініктеме хаты.

2. Сабақтан тыс қызмет курсы мазмұнының құндылықты бағдарын сипаттау.

3. Сабақтан тыс қызметтің зерттеліп жатқан курсының мазмұны.

4. Оқушылардың сабақтан тыс қызметтегі жоспарланған нәтижелері: тұлғалық және метапәндік нәтижелер, оларды меңгеру дәрежесі мен деңгейінің көрсеткіштері, олардың бастауыш жалпы білім берудің негізгі бағдарламаларын игерудің өзге нәтижелерімен өзара байланысы.

5. Оқушылардың негізгі қызмет түрлерін анықтайтын оқу-тақырыптық жоспар.

6. Курсты игерудің метапәндік, тұлғалық нәтижелерін анықтаудың мониторингтік картасы.

7. Білім беру үдерісін материалдық-техникалық және (немесе) методикалық қамтамасыз ету сипаттамасы.

8. Әдебиеттер тізімі.

9. Қосымша.

Түсіндірме жазбада білім қызметінің мақсаты ашып көрсетіледі, мазмұнының таңдауы мен материал мазмұнының жүйелілігі дәлелденеді, балалармен жұмыс істеу формаларына және бағдарламаны жүзеге асыру шарттарына сипаттама беріледі.

Түсіндірме жазба мынадан тұрады:

1. Білім үдерісіне бағдарламаны дайындау мен енгізу қажеттілігін дәлелдеу:

өзектілік;

іс жүзіндегі маңызы;

аталған бағыт бойынша бұрыннан қолданыста бар

бағдарламалардың байланысы;

түр (модификацияланған, экспериментті, авторлық бағдарлама);
жаңашылдық (авторлыққа үміткерлер үшін).

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті.

Мақсаты – қол жеткізуге ұмтылатын білім үдерісінің болжалды нәтижесі. Мақсат сипаттамасында «тұлғаның жан-жақты дамуы», «балаларды шығармашылық дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу», «білім сұранысын қанағаттандыру» және жалпылама, абстрактілі тұжырымдамаларды көп пайдаланбаған абзал. Ондай тұжырымдамалар нақты бағдарламаның ерекшелігін аша алмайды және басқа кез келген бағдарламаға қолданылуы мүмкін.

Мақсат бағдарлама атауымен байланысты болуы керек және оның негізгі бағытын айқындап тұруы тиіс. Мақсатты нақтылау оған қол жеткізу үшін не істеу керектігін көрсететін міндеттерді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Міндеттер мынадай болуы мүмкін:

үйрететін – қандай да бір дүниеге танымдық қызығушылықты дамыту, танымдық қызметке қосу, белгілі бір білімге ие болу, меңгеру, белгілі бір қызмет түріне қатысты уәждемелерді дамыту және т.б.;

тәрбиелік – тұлғаның қоғамдық белсенділігін, азаматтық ұстанымын, қарым-қатынас мәдениетін және әлеуметте өзін ұстауын, салауатты өмір салтына машықтануын және тағы да басқа қасиеттерді қалыптастыру;

дамытушы – өз бетінше әрекет ету, жауапкершілік, белсенділік, ұқыптылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту; өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуда сұранысты қалыптастыру.

Міндеттерді тұжырымдау абстрактілі болмауы керек, олар болжалды нәтижелерге сәйкес болуы тиіс.

3. Бағдарламаның айырмалық ерекшеліктері:

базалық теориялық идеялар; негізгі түсініктер;

жүзеге асыру кезеңдері, оларды негіздеу және өзара байланыс.

Бағдарламада аудиториядағы және аудиториядан тыс белсенді (қимылды) сабақтардың сағат саны көрсетіледі. Сөйте тұра аудиториядағы сабақтардың сағат саны жалпы сабақ санының 50%-нан аспауы тиіс.

4. Бағдарлама жолданған балалар тобының жас ерекшеліктері:

- балалардың жасы және олардың психологиялық ерекшеліктері;

- балаларды жинау ерекшеліктері (еркін, байқау бойынша және т.б.);

- жылдар бойынша оқитын оқушылардың саны (негіздеу);

- сабақ тәртібі: бір жылдағы жалпы сағат саны; аптадағы сағат пен сабақ саны; сабақтардың мерзімділігі.

- болжалды нәтижелер және оларды тексеру тәсілдері.

5. Бағдарлама бойынша жұмыс нәтижелерінің деңгейі:

Нәтижелердің бірінші деңгейі – мектеп оқушыларының элеуметтік білім алуы (қоғам нормалары, қоғамның құрамы, қоғамдағы элеуметтік мақұлданған және мақұлданбаған іс-қимыл нормалары туралы және т.б), элеуметтік шындық пен күнделікті өмір туралы алғашқы түсінік.

Нәтижелердің екінші деңгейі – мектеп оқушысымен қоғамның базалық құндылықтарына (адам, жанұя, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) жағымды қарым-қатынас және уайымдау тәжірибесі, жалпы элеуметтік шындыққа құндылықтар тұрғысынан қарау.

Нәтижелердің үшінші деңгейі – мектеп оқушысымен өзіндік қоғамдық қызмет ету тәжірибесі.

6. Балаларды оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау жүйесі (көрмелерге, сайыстарға, байқауларға, оқу-зерттеу конференцияларына және тағы да басқа жерлерде қойылуы мүмкін).

Оқу-тақырыптық жоспар.

Оқу-тақырыптық жоспар сабақ тақырыптарының атауы мен реттілігі, сабақ сағаттарының саны (барлық теориялық және практикалық сабақтар) көрсетілген кесте түрінде құрылады.

Тақырыптың реттілігін құрған кезде олар оқушылардың қызмет бағытына тәуелсіз болатындай ұсынылған білім маршрутының логикасын айшықтағаны дұрыс.

Сабақтың кіріспесінде бағдарламалық материал мазмұнының ерекшелігін көрсететін терминдер мен түсініктердің қасиеттеріне баса көңіл бөлген жөн. Бұдан кейін қарастырылып отырған құбылыстың пайда болу табиғатын, қалыптасуы мен дамуын (ғылым, өнер, техника, спорт т.б.) аша түсіп, сол немесе басқа құбылыстардағы заманауи түсініктерді қалыптастырудағы мамандардың, шеберлердің, зерттеушілердің рөлін көрсеткен ұтымды.

Бағдарламаның мазмұны.

Бағдарламаның мазмұны ол – тараулар ішіндегі тараулар туралы қысқаша сипаттама. Тақырып мазмұны оқу-тақырыптық жоспарда көрсетілген тәртіп бойынша жазылады. Тақырып сипаттамасы мынаны қамтиды:

атау;

негізгі түйінді сәттер;

білім үдерісін ұйымдастыру үлгілері (теориялық, іс-тәжірибелік).

Баяндау атау септігінде жүргізіледі. Әдетте бірінші тақырып – бағдарламаға кіріспе.

Бағдарлама мазмұнының ерекшеліктері.

Осы немесе басқа бірлестікте балалар қызметінің түрлері мен мазмұнын іріктеп алу кезінде балалардың өздерінің қызығушылығы мен сұранысы, ата-аналардың қалауы, мектеп психологының ұсынымы,

педагогтің сабақтан тыс қызмет тәжірибесі ескеріледі.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы ресурстық қамтамасыз ету:

- Кадрлық (педагогтер, әкімшілік, дәрігерлер, психологтар және т.б.);
- Материалдық-техникалық;
- Қаржылық;
- Ақпараттық-әдістемелік (оқу құралы, әдістемелік әдебиеттер және т.б. интернет).

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті құралдарға қысқаша сипаттама:

кадрлық – педагогтердің санын есептеу, олардың кәсібилігіне, біліктілігіне сипаттама беру, іріктеу өлшемдері; материалдық-техникалық – құралдар, аспаптар мен материалдардың қысқаша тізімін жасау (оқушылар санын есепке ала отырып).

Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттердің екі тізімі келтіріледі:

- бағдарламаны дайындау және білім үдерісін ұйымдастыру үшін педагогпен пайдаланылатын әдебиет;
- балалар мен ата-аналарға ұсынылатын әдебиет.

Сабақтан тыс қызмет бағдарламасы жазылғаннан кейін оның таныстырылымы кіші жастағы оқушыларға қосымша білім беруді жүргізетін педагогтердің әдістемелік бірлестігінің жиынында өткізіледі.

Жиынға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес түзетулер енгізілгеннен кейін бағдарлама мен оған жазылған сараптамалық пікір білім беру ұйымының әкімшілігіне ұсынылады.

Білім ұйымының директоры бағдарламаны бекіткен соң аталған бағдарламаны педагогикалық кеңес осы немесе басқа балалар бірлестігінде мақұлдауға ұсынады.

Тәжірибелі тексеруден кейін бағдарламаның мазмұны түзетіліп, толықтырылып, психолог-педагогикалық қолдауының құралдарымен және қажетті оқу-әдістемелік жиынтықпен қамтамасыз етіледі

Бағдарламаға қажетті оқу-әдістемелік жиынтық құрамына мыналар кіреді:

- оқу және әдістемелік құралдар;
- энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамалар;
- педагогтер мен балаларға арналған қысқаша түсініктемесі бар әдебиеттер сілтемесі;
- бейне және аудио материалдар;
- бағдарламаны компьютерлік қолдау;
- сызбанұсқалар, сызбалар, пішіндер, қалыптар және т.б.;
- саяхатқа арналған нысандар тізімі;

- атаулы күндердің күнтізбесі;
- өнер мен ғылымға, өндіріске, спортқа, туризмге және басқа да салаларда айтарлықтай үлес қосқан адамдардың өмірі мен қызметі туралы ақпараттар;

- оқушылар қызметінің нақты бір бағыты бойынша әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдар, іріктеп алынған журналдар;

- аталған бірлестіктің шығармашылық қызмет бағыты бойынша әртүрлі заттардың жиынтығы (альбомдар, өнер туындыларының көшірмелері, сәндік-қолданбалы өнер туындылары, пошта таңбалары, әсем хаттар, белгілер, естелік медальдар, шығармашылық қызметтің нақты бір бағытында жетістікке жеткен адамдардың портреттері, табиғи нысандар, әртүрлі құрылғылардың үлгілері, пішіндері және т.б.);

- балалардың нақты бірлестігінің шығармашылық бағыты бойынша мемориалдық орталықтар, мұражайлар, картиналық галереялар, көрме залдары және т.б. туралы ақпараттар;

- оқушылардың жетістіктерін көрсететін материалдар;

- жұмыс орнының құрылғылары.

Бағдарламада мектеп оқушыларына арналған сабақтан тыс қызметтің мазмұны, мектеппен жоспарланған істер мен шаралардың мәні және бағыты сипатталады. Сипаттамадан бұл істер мен шаралар нәтижелердің қай деңгейіне жетуге бағытталғаны көрініп тұруы керек. Егер бағдарлама мектеп оқушыларына арналған сабақтан тыс қызметтің бірнеше түрін ұйымдастыруды көздесе, мазмұнында сол немесе басқа қызмет түрін білдіретін тараулар немесе модульдер болуы тиіс. Қажет болған жағдайда сол немесе басқа тарау немесе модуль мағынасына қарай тараушаларға бөлінеді.

Сабақтан тыс қызмет жоспары – оқушылардың сабақтан тыс-қызметтің жалпы көлемін, оқу жылы бойынша сабақтан тыс қызмет бағытының құрамы мен құрылымын немесе жалпы білім сатыларын анықтайтын білім беру ұйымының нормативтік құжаты.

Білімді ұйымдастырудағы сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруды талдау және бағалау өлшемдері:

- қызметтің гуманистік бағыты;

- сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың жүйелілігі;

- сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудағы түрлердің вариациялығы (бағыттар), үлгілер мен тәсілдері;

- қызметтің балалар мен ересектердің шығармашылығын танытуға және дамытуға бағытталуы;

- балалардың бойында жетістікке жетуге деген талпыны мен айналасындағы адамдарға пайдасын тигізуге құлшынысын қалыптастыруда сабақтан тыс қызметтің бағдарлануы.

Введение

Школьное образование сегодня представляет собой самый длительный этап формального обучения каждого человека и является одним из решающих факторов, как индивидуального успеха, так и долгосрочного развития всей страны. От подготовленности, целевых установок миллионов школьников зависит то, насколько мы сможем выбрать и обеспечить инновационный путь развития страны. Именно сейчас от того, насколько современным и интеллектуальным удастся сделать общее образование, зависит благосостояние всех будущих поколений.

Главным результатом школьного образования должно стать его соответствие целям опережающего развития. Это означает, что изучать в школах необходимо не только достижения прошлого, но и те способы и технологии, которые пригодятся в будущем. Учащиеся должны быть вовлечены в исследовательские проекты, творческие занятия, спортивные мероприятия, в ходе которых они научатся изобретать, понимать и осваивать новое, быть открытыми и способными выражать собственные мысли, уметь принимать решения и помогать друг другу, формулировать интересы и осознавать возможности.

Решение задач воспитания и социализации школьников, их всестороннего развития наиболее эффективно в рамках организации внеурочной деятельности.

Актуальность внеурочной деятельности определяется и тем, что в стране в настоящее время происходят серьезные изменения условий формирования личности школьника. Современный ребенок находится в беспредельном информационном и огромном социальном пространстве, не имеющем четких внешних и внутренних границ. На него воздействуют потоки информации, получаемой благодаря интернету, телевидению, компьютерным играм, кино. Воспитательное и социализирующее воздействие этих и других источников информации нередко является доминирующим в процессе воспитания и социализации.

Сегодня существует конфликт между характером присвоения ребенком знаний и ценностей в школе и вне школы:

в школе (системность, последовательность, традиционность, культуросообразность и т.д.);

вне школы (клиповость, хаотичность, смешение высокой культуры и бытовой, размывание границ между культурой и антикультурой и т.д.).

Этот конфликт меняет структуру мышления детей, их самосознание и миропонимание, ведет к формированию эклектичного мировоззрения, потребительского отношения к жизни.

